

Т. ЖАНҰЗАҚОВ, Н. ЕСБАЕВА

А 2008
530к

ҚАЗАҚ
ЕСІМДЕРІ



КАЗАХСКИЕ
ИМЕНА



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Т. ЖАНҰЗАҚОВ, К. ЕСБАЕВА

ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІ



(АНЫҚТАМА СӨЗДІК)

Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ • 1988

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР
ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Т. ДЖАНУЗАКОВ, К. ЕСБАЕВА

КАЗАХСКИЕ ИМЕНА



(СЛОВАРЬ-СПРАВОЧНИК)

Издательство «НАУКА» Казахской ССР

АЛМА-АТА. 1988

Жанұзақов Т., Есбаева К. Казак есімдері (анықтама сөздік).— Алматы: Ғылым, 1988. — 480 б.

Назарларыңызға ұсынып отырған бұл анықтама сөздікке он мыңға жуық жиі қолданылатын қазақ есімдері еніп отыр. Бұнда адам аттары, әкесінің аты мен фамилиялардың жазылу үлгілері берілді.

Кітапта ерлер мен әйел есімдері бөлек түзіліп, олардың қазақ және орыс тілдерінде жазылу нұсқасы қатар көрсетілді.

Бұл анықтама сөздік қалың көпшілікке, сондай-ақ, азаматтық Хал актілерін тіркеу органдары мен паспорт орындарына, ауылдық, селолық және аудандық Советтерге, баспалар мен мектеп оқытушыларына арналды.

Жауапты редактор

Казак ССР Ғылым академиясының
академигі Ә. Т. ҚАЙДАРОВ

Рецензенттер:

филология ғылымдарының докторлары Б. ӘБІЛҚАСЫМОВ, Т. САЙРАМБАЕВ, К. ӘМІРЕНОВ.

Джанузаков Т. Д., Есбаева К. С. Казахские имена (словарь-справочник). — Алма-Ата: Наука, 1988. — 480 с.

Предлагаемый вниманию читателей словарь-справочник содержит около десяти тысяч (с повторением) наиболее употребительных мужских и женских имен казахов. В справочнике дается краткая справка об именах, сведения об их правильном написании, правила русской транскрипции казахских имен, образовании отчества, фамилий, параллельно даются написания имен на казахском и русском языках.

Словарь-справочник казахских имен предназначен широкому кругу читателей, органам ЗАГСов, паспортных столов, исполкомов сельских и поселковых Советов, работникам печати, учителям школ Казахстана.

Ответственный редактор

академик АН КазССР
А. Т. ҚАЙДАРОВ

Рецензенты:

доктора филологических наук Б. АБИЛХАСЫМОВ, Т. САЙРАМБАЕВ, К. АМРЕНОВ.

Д 4602000000—133
407(05)—88 — 126.8

ISBN 5—628—00380—8

© Казак ССР-інің
«ҒЫЛЫМ»
баспасы,
1988

А Л Ғ Ы С Ө З

Балаларға бүгінгі жарқын өмір, бақытты дәуір талабына сай жарасты да лайықты есім қою халық дйттеп отырған мүдделі де маңызды мәселенің бірінен саналады. Ата-ана дүниеге келген перзентке мағынасы айқын әдемі де айшықты, сұлу есім беруді қалайды. Бірақ олар қай атты таңдауда, одан кейін оны жазуда қиналысқа ұшырап отырады.

Бұл өмірлік проблема болып табылады, сондықтан ол барлық уақытта да адамдарды толғантып келді, қазір де актуальды күйінде қалып отыр.

Осындай жарасты есім беруге ата-ана, олардың туған-туыс, жора-жолдастары ғана емес, жергілікті халық депутаттары Советтері мен Азаматтық Хал актілерін тіркеу (бұдан былай қысқаша АХа) бөлімдері де толық мүдделі. Адам есімі қоғам өмірімен, оны қоршаған ортамен тығыз байланысты.

Ал ұрпаққа жарасымды есім беру — ежелден келе жатқан, ізі суымаған жалпы халықтық игі дәстүр. Есімдер де халық тіліндегі сөздер сияқты өмір сүріп, ескіріп әрі жаңарып отырады. Олар да ғасырлар үнін қарт шежіре сияқты келешек ұрпаққа жеткізіп отырады.

Қазіргі қазақ есімдері сан жағынан көп те мол болумен қатар, құрамы мен құрылысы жағынан да әр алуан. Өзінше бөлек, дәстүрлі қазақ есімдері де көп кездеседі.

Ол жөнінде жазылған еңбектер біздің қазақ тіл білімінде де аз емес. Әйткенмен, кісі есімдері жөнінде жазылған еңбектердің ішіндегі халыққа ең қажеттісі де, керегі де кісі аттары жайлы анықтама құрал. Осындай игі мақсатты орындау ниетімен 1968 жылы «Қандай есімді ұнатасыз?» атты қысқаша анықтама шығарған едік. Бұл анықтама жаңа туған нәрестеге ат таңдауда жақсы және әдемі есімдерді ұсынумен қатар қазақ есімдерінің

дұрыс жазылуына да біраз түзетулер енгізген. Бірақ бұл қазір көпшілік қолына түспейтін сирек дүниеге айналып кетті. Соның салдарынан есімдер мен фамилияларды қатесіз дұрыс жазу АХа орындары мен селолық, аудандық Советтерде, сондай-ақ, мектептер мен баспасөз орындарында, жеке азаматтар тәжірибесінде айтарлықтай қиындық туғызып жүр. Сол себептен де Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының ономастика бөліміне республикалық, облыстық, аудандық АХа бөлімдері есім-фамилиялардың қате, бұрмаланып жазылып жүргені жайлы жиі-жиі хат жолдаса, кейбір азаматтар өздері келіп, документтерінде қате жазылып жүрген есім-фамилияларының дұрыс жазылуы жайлы анықтама (справка) алады.

Қазақ ССР Юстиция министрлігі 11. 02. 1986 ж. хатында Асылқан, Жанбота, сондай-ақ чечен тілінде Саидали, Саид-Али тектес есімдерінің орыс тілінде жазылуы мен орысша айтылуында қаншалықты қиындық туғызатыны айтылады. Целиноград облысы АХа бөлімінің меңгерушісі өзінің хатында Ғабдол, Ғабдолла есімдерінен әке аттары мен фамилиялар жасалу заңдылығын анықтауды өтінеді.

Алматы қаласы, Алатау ауданының тұрғыны Төлегенов Мантай өз фамилиясы паспортта орысша «Тюлегенов» боп қате жазылып жүргені туралы жазады. Оның талап етуі бойынша фамилиясы орысша «Тулегенов» болып жазылатыны жайлы анықтама берілді. Сол ауданның тұрғындары Ұлбосын Құсалиева, Сағижан Кәрібаев, Фарида Исаева жолдастар да есімдері мен фамилияларының орысша Убосин, Қарбаев, Парида түрінде қате жазылып жүргені жайлы айтып, орысша дұрыс жазылуы жайлы анықтама сұрады, Москва тұрғыны Зуйкова Татьяна Валентиновна хатында 1966 жылы ұлына Әлихан деп ат қойғанын, бірақ баланың туу туралы куәлігінде Али боп жазылып кеткенін айта келіп, паспорт алумен байланысты толық есімі Алихан боп жазылуы жайлы Москва аудандық АХа бөліміне тапсыру үшін сұраған анықтамасы берілді. Сол сияқты Алматы тұрғындары: Мақанова Ләйля есімінің — орысша Лайлагуль, Целиноград облысының азаматы Жүргенов Хамидолла есімінің — орысша Хамид-Алла, алматылықтар Даниярова Айгерімнің — Айгурум, Бейсенова Нүрзейнеп — орысша жазылуында Норзейнет, Райзақова Шарбану есімдерінің орысша Чарбану түрлерінде қате жа-

зылғандығын, ол есімдердің қазақ тілі нормасына сай орыс тілінде де дұрыс жазылуын талап еткен тілектері де орынды еді.

Есімдері мен фамилияларының қазақша да, орысша да бұрмаланып теріс жазылуынан зардап шегіп жүрген осы сияқты азаматтар аз емес. Тіптен бұл жөнінде басқа туысқан республикаларда тұратын азаматтардан да хаттар жиі келіп тұрады. Орынбор қалалық халық депутаттары Советінің Азаматтық Хал актілерін тіркеу бөлімінің Нұрия және Нұрхия есімдерінің жазылуы мен мағынасын түсіндіруді сұраған хаты, сондай-ақ Краснояр өлкесі, Минусин ауданы, Кавказ селосының тұрғыны Танзыбаев В., Украин ССР Гомель қаласының тұрғыны Сырых И. А. жолдастардың жазған хаттары да бұл мәселеге тікелей қатысты.

Өзбекстанның Ташкент облысының Галавий ауданындағы Энгельс атындағы колхоздың тұрғыны Баубеков Тәліп өзінің хатында былай деп жазады: «Біздің шағын ауылымызда 120 семья тұрады. Соның ішінде бір айда ең болмағанда 3—4 сәби дүниеге келеді. Сол дүниеге келген сәбилерге қазіргі заманға сай қазақ есімдерін таба алмай өте қиналамыз. Егер Қазақ ССР Ғылым академиясында жұмыс істейтін жолдастар «Қазақ есімдері (анықтама сөздік)» деген кітап шығарса, біз оларға рахмет айтар едік».

«Қазақ есімдері» жайлы көлемді де мазмұнды кітап әсіресе Азаматтық Хал актілерін тіркеу бөлімдері мен ауылдық, аудандық Советтерге, паспорт орындарына қажет боп отыр.

Міне, осы жағдайды ескере отырып, ата-аналар мен жоғарыдағы аталған органдарға, адрес бюролары мен нотариалдық кеңселерге, байланыс мекемелері (почта, телефон-телеграф) мен жалпы қауымға пайдасы тиер деген ниетпен қолыңыздағы осы қазақ есімдері мен фамилиялары жинағын ұсынып отырмыз.

Анықтамадағы кісі аттары, әкесінің аттары және фамилияларының қазақша жазылуы орфографиялық ережелерінің нормалары бойынша беріліп отыр. Қазақ есімдерінің, әке аттарының және фамилияларының жазылу принципі фонетикалық-морфологиялық принцип болып табылады. «Қазақ тілі орфографиясы мен алфавитінің» 1983 жылғы соңғы шығуы адамдардың жеке есімдерінің осы принцип бойынша жазылуын береді.

Есімдердің, әке аттарының және фамилияларының

қазақ тіліндегі де, орыс тіліндегі де дұрыс жазылу үлгілері көрсетілген. Сондықтан жаңа туған нәрестенің аты, әкесінің аты және фамилиялары туу туралы куәлікке белгілі тәртіппен заңды түрде толтырылады. Қазақ тіліндегі әке аты — ұлы, — қызы деген қазақ сөздерін қоса отырып жазылады.

Қазақ фамилиялары орыс тілінің — *ев, -ов, -ин, -ева, -ова, -ина* жұрнақтары қосылып, орыс фамилияларының типінде құрылған. Елімізде атаудың: есімі+әкесінің аты+фамилиясы түріндегі үш мүшелік жүйесі ресми түрде қабылданғандықтан, ресми документтерде фамилия — бірінші, есімі — екінші, әкесінің аты үшінші болып жазылады. Мәселен: Бектасов Асан Айдарұлы (Бектасов Асан Айдарович), Ахметова Жамал Байжанқызы (Ахметова Жамал Байжановна) т. б. Анықтамада әке аттары мен фамилияларының құрылу формасы көрсетілген.

Сөйтіп, дүниеге жаңа келген жас нәресте ата-аналары арқылы есім, әке атын және фамилия алып, қоғамның заңды мүшесі правосына ие болады. Бұл фактінің әлеуметтік және саяси зор мәні бар. Кітапта жаңа туған нәрестелерді тіркеу тәсілімен байланысты жаңа дәстүрлер келтірілген, қазақ есімдерін орыс тіліне аударудың кейбір заңдылықтары сөзсіз болады.

Осы жұмыспен мұхият танысып, келелі пікір, ақыл-кеңес айтқан Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. Т. Қайдаров, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы Р. Ғ. Сыздыкова, филология ғылымдарының кандидаттары Әбдірахманов А. Ә., Айтбаев Ә. А. жолдастарға зор алғыс айтамыз.

Сөздікті жасау барысында әсіресе Ә. А. Бегматовтың «Өзбек есімдері», Г. Ф. Саттаровтың «Татар есімдері», И. С. Колосов, Ш. Жапаров, У. Асаналиевтердің «Қырғыз есімдерінің сөздігі», А. В. Суперанская мен Ю. М. Гусева редакциясымен жарық көрген «РСФСР халықтары есімдерінің сөздігі», Осман Мирзоевтың «Азербайжан есімдері», Р. Ортиков пен Я. Қалонтаевтың «Тәжік есімдерінің емлесі» атты сөздіктерінің іс-тәжірибесін қабылдай отырып, олардың ақыл-кеңестерін мұхият ескердік. Осы ретте бұл жолдастарға да ыстық ықылас, зор рахметімізді айтамыз.

Осы еңбектегі «Тууды тіркеу» жайлы анықтаманы Қазақ ССР Юстиция министрлігінің заңды жүйеге кел-

тіру және заң жобаларын дайындау басқармасы шаруашылық заңдары бөлімінің бас консультанты Қ. Ә. Әмірепов жазды.

Бұл қазақ есімдерінің қазақша-орысша анықтама сөздігін Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімінің ғылыми Советі қарап, ұсынды және Қазақ ССР Юстиция министрлігінің коллегиясы мақұлдады.

«Қазақ есімдері атты бұл жұмыс тұңғыш рет шығып отырғандықтан, әлі де кем-кетік, кейбір олқылықтардан да ада емес екені сөзсіз. Сондықтан ол жайлы сыни ой-пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды мына адреске жолдауларыңызды сұраймыз:

*480021, Алматы, 21,
Күрманғазы көшесі, 29, Қазақ ССР Ғылым
академиясы, Тіл білімі институты.*

Авторлар.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Каким именем назвать своего ребенка, чтобы оно было красивым, благозвучным и современным — дело ответственное и серьезное. Все родители хотят дать ребенку звучное и красивое имя, отвечающее духу времени и эпохи. Но они часто затрудняются в выборе, а затем и написании его.

Эта жизненная проблема, и она всегда волновала людей с незапамятных времен, актуальна и по сей день.

В выборе имени заинтересованы не только родители, их друзья и близкие, в этом заинтересованы и местные Советы народных депутатов, органы ЗАГСа. Имя человека тесно связано с обществом и со всем тем, что его окружает и с тем, что в нем происходит.

Выбор благозвучных и красивых имен — древняя, неизменная общенародная традиция. Так же, как и слова, в языке имена живут, стареют и обновляются. Как памятник древности в них слышны отголоски ушедших столетий. И конечно, из поколения в поколение передавались традиционные имена эпических героев, легендарных витязей, замечательных мудрецов.

Современные казахские имена разнообразны по составу. Широко употребляются самобытные казахские имена.

Этому вопросу посвящено немало трудов в казахском языкознании. Однако наиболее важным, имеющим большое практическое значение является справочное пособие о казахских именах. В 1968 году был выпущен краткий справочник «Какое выбрать имя», который ставил перед собой цель, чтобы рекомендовать людям хорошие и красивые имена при их выборе новорожденным и вместе с тем внес некоторые коррективы и правописание казахских имен. Но он уже стал библиографической ред-

костью. Многие органы ЗАГСа, районные и сельские Советы, работники печати, народного просвещения испытывают немалые трудности по правильной передаче и правописанию казахских имен, отчеств и фамилий. В отделе ономастики Института языкознания АН КазССР все чаще приходят письма от работников областных, городских и районных отделов ЗАГСа, с просьбой дать образцы правильно написанных имен и фамилий.

Частыми гостями этого отдела бывают граждане, желающие получить справку, содержащую квалифицированные рекомендации по этому вопросу. Так, в письме Министерства юстиции КазССР от 11.02.86 г. говорилось о трудностях, с которыми сталкиваются работники отделов ЗАГСа при переводе на русский язык имен Абылхан, Жанбота, а также чеченских имен Саидали, Сайд-Али. Заведующий отделом ЗАГСа Целиноградской области просит рассказать о том, как образуются отчества и фамилии от имен Габдол, Габдолла.

Житель Алатауского района города Алма-Ата гражданин Тюлегенов Мантай в своем заявлении написал о том, что в паспорте его фамилия на русском языке написана с ошибкой (Тюлюгенов), по настоятельной просьбе ему была выдана справка о том, что фамилия должна писаться как Тулегенов. Жители того же района Улбосын Калиева, Карибаев Сагижан, Исаева Фариды обратились с подобной просьбой исправить искажения в русской передаче их имен: Убосин, Корбаев, Парида. Жительница города Москвы Зуйкова Татьяна Валентиновна в письме написала о том, что в 1966 году своего новорожденного нарекла Алиханом, но в свидетельстве о рождении он был зарегистрирован как Али. В Московский ЗАГС была направлена справка о том, что правильным написанием и полным вариантом имени молодого человека является Алихан. Вполне уместными были и требования граждан о правильной передаче на русский язык своих имен и фамилий в соответствии с нормами казахского языка. Это алмаатинка Маканова Лейля. В паспорте ее имя было написано как Лайлагуль. Имя Жургенова Хамидоллы на русском языке писалось как Хамид-Алла. Имена Данияровой Айгерим как Айгурум, Бейсеновой Нурзейнеп как Норзейнет, Райзаковой Шарбану как Чарбану.

Таких граждан, испытывающих трудности из-за искажений в написании имен и фамилий, к сожалению

немало. Письма с подобными вопросами часто приходят и из других братских республик. Прямое отношение к этой проблеме имеют вопросы в письмах граждан Танзыбаева В. из Красноярского края, Минусинский район село Кавказ, жителя города Гомель Белорусской ССР тов. Сырых И. А.

Районный отдел ЗАГС Оренбургской области просит дать пояснение по поводу того, как по-русски писать имена Нария и Нурхия и что они означают в переводе на русский.

От жителя колхоза им. Энгельса, что в Ташкентской области, Галавийском районе тов. Баубекова Талипа пришло письмо, в котором пишет: «В нашем небольшом ауле проживает 120 семей. В среднем каждый месяц на свет появляются 3—4 младенца. Мы испытываем трудности в выборе для них современных имен. Если бы сотрудники АН КазССР выпустили книгу «Казахские имена», то мы были бы благодарны им».

Особо острую необходимость в наиболее полной и содержательной книге «Казахские имена» (словарь—справочник) испытывают органы ЗАГС, сельские и районные Советы, паспортные столы. Учитывая все это, мы предлагаем родителям и органам ЗАГС, районным и сельским Советам, учебным учреждениям и органам печати, адресным бюро и нотариальным конторам, учреждениям связи (почта, телеграф, телефон) и широкой общественности данное справочное пособие по казахским именам и фамилиям.

Имена, отчества и фамилии в справочнике даны согласно новым орфографическим правилам казахского языка.

Основным принципом написания казахских имен, отчеств и фамилий является фонетико-морфологический. Последние «Правила орфографии и алфавита казахского языка» (1983 г.) дают написание лично-собственных имен по этому принципу.

Указаны образцы правописания имен, отчеств и фамилий как на казахском, так и на русском языках. Поэтому в свидетельстве о рождении новорожденному его имя, отчество и фамилия должны записываться в определенном законном порядке. Отчество в казахском языке оформляется с помощью слов ұлы (сын), кызы (дочь). Выбор формы отчества свободный.

Казахские фамилии образованы по типу русских фа-

милый с помощью суффиксов русского языка: *-ев, -ов, -ин, -ева, -ова, -ина*. Исходя из того, что в стране официально принята трехчленная система наименования: имя+отчество+фамилия в официальных документах личное имя приводится на втором, а отчество в третьем месте. Например: Бектасов Асан Айдарулы (Бектасов Асан Айдарович), Ахметова Жамал Байжанкызы (Ахметова Жамал Байжановна) и др.

Так маленький, вновь появившийся на свет человек, получив имя, отчество и фамилию приобретает законный статус члена общества. Этот факт имеет огромное социальное и политическое значение. В книге приведены дополнения, рассказывающие о новых традициях, связанных с церемониями регистрации новорожденных, говорится о некоторых закономерностях перевода казахских имен на русский язык.

Мы выражаем глубокое признание за ценные советы и пожелания при работе над этой книгой академику АН КазССР А. Т. Кайдарову, члену-корреспонденту АН КазССР Р. Г. Сыздыковой, кандидатам филологических наук А. А. Абдрахманову, У. А. Айтбаеву.

В работе над словарем были учтены рекомендации и советы, а также использованы опыт составления словарей Г. Ф. Саттарова «Татарские имена», Э. А. Бегматова «Узбекские имена», И. С. Колосова, Ш. Жапарова, У. Асаналиева «Словарь киргизских имен», вышедший под редакцией А. В. Суперанской «Словарь личных имен народов РСФСР», Османа Мирзаева «Азербайджанские имена», Р. Ортикова и Я. Калонтаева «Орфография таджикских имен».

Пояснение «О регистрации при рождении» написал Главный консультант Министерства юстиции КазССР К. А. Амренов. Этот словарь-справочник казахских имен был рассмотрен и рекомендован Ученым Советом института языкознания АН КазССР, одобрен Министерством юстиции КазССР. Поскольку данный словарь выходит в таком объеме впервые, то не исключено, что в нем обнаружатся некоторые недочеты, недоработки.

Свои соображения и предложения просим направлять по адресу: 480021, г. Алма-Ата, ул. Курмангазы 29,

*Институт языкознания АН КазССР.
Авторы*

КІСІ АТТАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙБІР ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. *и, а, е, ы, і* әріптері сөздің барлық буынында жазылады деген ережені кісі аттарының емлесіне де қолданамыз. Мысалы: Мүслима, Мүслім, Сыланбек, Ырысбек (Рысбек емес), Ырысты, Ырысалды, Ырымбек, Ілияс, Иманбек, Исаділ т. б.

2. *ә, о, ө, ү* әріптері негізінен жалаң түбірлі кісі есімдерінің бірінші буындарында және біріккен тұлғалы кісі аттарының екінші сыңарларының басқы буындарында жазылады. Мысалы: Әлім (Алім емес), Әсет, Әбдікәрім, Әбікен, Есенәлі, Сәбира (Сәбирә емес), Жәмила (Жәмилә емес), Қәмила (Кәмилә емес), Дәүгәлі (Дәуіталы емес), Жәнәбіл, Зейнұр, Зейнолла (Зейнулла емес), Ғабдолла (Ғабдулла емес), Макбөпе, Өжек, Өмірбай, Өміржан т. б.

Ескерт у: Күләш, Кулән, Күләй, Күләнда, Күләсия, Іңкәр сияқты бірқатар жалаң түбірлі кісі аттарының екінші буындарында *ә* әрпі жазылады.

3. Кісі аттарының жалаң туынды түрлерінде де ережедегідей *ый, ій* дыбыстарының орнына *и* әрпін жазамыз. Мысалы: Иемберген, Игісін, Иқанбай, Иса, Исағали, Нұриша, Қилыбай, Әлима, Сағира т. б.

4. *Я, Ю* әріптерінен бұрын *ы, і* дыбыстарының да орнына *и* жазылады. Мысалы: Әсия, Әлия, Ғалия, Дария, Данияр, Ілияс, Балқия, Ұрқия, Ахмедияр, Нәрия т. б.

5. *Э* әрпі шет тілдерден енген кісі аттарында жазылады. Мысалы: Элеонора, Эдуард, Эрнст, Эмма т. б.

6. *Я* әрпі түбірдегі дауысты дыбыстан кейінгі қосынды *й+а* дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: Мая, Рая, Ноян, Ноянбай, Қоянбай, Қиясбек т. б. Біріккен тұлғалы кісі атының бірінші сыңары *й*-ге аяқталып, екінші сыңары *а, ә* әріптерінен басталса, *йа, йә* әріптерінің орнына *я* әрпі жазылады. Мысалы: Шаяхмет (Шай-

ахмет емес), Баяхмет (Байахмет емес), Баяділ (Бай-
әділ емес) т. т.

7. *Ф, Ч* әріптері орыс және шығыс тілдерінен енген кісі аттарында жазылады. Мысалы: Фазыл, Фарид, Со-
фия, Махфуза, Фатима, Фая т. б.

8. *Х* әрпі жалаң және туынды тұлғалы кісі аттарында қолданыла береді. Мысалы: Хамит, Ахмет, Халық, Асыл-
хан, Төрехан т. б.

9. *Һ* дыбысы жазылуы орныққан кісі есімдерінде сақталып жазылады. Мысалы: Гауһар, Жауһар, Қаһар-
ман т. б.

10. Орыс және орыс тілі арқылы Европа елдерінен енген ер, әйел есімдері тілімізде орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады. Мысалы: Алексей, Андрей, Борис, Владимир, Виктор, Денис, Егор, Геннадий, Иван, Валентина, Галина, Ирина, Люся, Лариса, Лиза, Лиля, Маргарита, Флора, Элеонора т. б.

11. Араб, парсы және шығыс тілдерінен ертеректе еніп, өзгерген есімдер тілімізде қалыптасқан күйінде жазыла береді. Мысалы: Әли-Ғали-Қали-Ғалы; Омар-Ғұмар-Құмар; Оспан-Құспан-Ғұсман; Ғайша-Айша-Қайша; Мухамбет-Махамбет-Мақанбет-Мақымбет т. б.

12. Екі кейде үш сөзден құралған кісі аттары, негізінен, түбірі сақталып, бірге жазылады. Мысалы: Арысбек (Арыспек емес), Жарасбай (Жараспай емес), Өтепберген, Мергенбай, Қартбай, Аманжол, Сәрсенбек, Есбай, Сәтбай, Бозжан, Оразша, Қосшыбай (Қошшыбай емес).

Ескерту. а) Екі түбірден құралған бірқатар кісі аттары түбір тұлғалары өзгеріп, біріккен түрінде жазылады. Мысалы: Дәметкен, Торайғыр(ов), Ұлбосын, Ұлмекен, Қожахмет, Жылқайдаров, Серәлиев, Жүмәділов т. б.

ә) Екінші сыңары *қ, к* дыбыстарынан басталатын кісі аттары екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай да жазылады: алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөз де қатаң *қ, к* әріптерімен жазылады. Мысалы: Күсепқали, Қоскелді, Айткелді, Айтқожа, Сейітқұл, Аққыз, алдыңғы түбір дауысты дыбыстар мен ұяң, үнді дыбыстарға аяқталғанда, келесі түбірдің басқы дыбыстары ұяңдап, *ғ, г* болып айтылса, *ғ, г* әріптері жазылады. Мысалы: Амангелді, Нұргелді, Нұрғожа, Ерғожа, Төрегелді, Қарағөз, Есенғұл, Ботағөз, Айғыз. Ал қатаң түрде

айтылса, қ, к әріптері жазылады. Әбілқасым, Қаламқас, Бибікамал, Шәмшіқамар.

б) Қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған кісі аттары қатарынан екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, олардың не алдынан, не ортасынан *ы, і* әріптерінің бірі жазылады. Мысалы: Ысқақ (Сқақ емес), Ысқақбай (Сқақбай емес), Сымахан (Смахан емес), Сыматай (Сматай емес), Сыланов (Сланов емес), Сыпатай (Спатай емес), Сымағұл (Смағұл емес), Ырза (Рза емес), Ырзабай (Рзабай емес), Ырысалды (Рсалды емес) ¹.

¹ Сыздықова Р. Емле ережесіне енгізілген өзгерістер // Социалистік Қазақстан. 1983. 19 октябрь.

КІСІ АТТАРЫ МЕН ФАМИЛИЯЛАРДАҒЫ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

Қосымшалар негізінен кісі аттары мен фамилиялардың соңғы буынындағы дауысты дыбыстардың әуеніне қарай буын үндестігі бойынша жалғанады.

1. Кісі аттарының соңғы әрпі И болғанда, оған жалғанатын қосымша түбір сөздің жуан я жіңішкелігіне қарай жуан да, жіңішке де жазылады. Мысалы: Ғали-Ғалиға-Ғалидың-Ғалидан-Ғалимен; Уәли-Уәлиге-Уәлидің-Уәлиден-Уәлимен; Нәби-Нәбиге-Нәбидің-Нәбиден-Нәбимен; Сақи-Сақиға-Сақидан-Сақимен т. б.

2. Фамилияның соңы -ов, -ев, -ин түрінде келсе, оған қазақ тілі қосымшасы бастапқы түбірдің соңғы буынына сәйкес жуан не жіңішке жалғанады. Мысалы: Оразов-қа, Оразов-тың, Оразов-тан, бірақ Оразов-пен; Айдаров-қа, Айдаров-тың, Айдаров-тан, бірақ Айдаровпен (осындағы *(раз, дар* буындары жуан болғандықтан қазақ тілі қосымшасы да жуан жалғанып тұр). Базаралинге, Базаралиннің, Базаралин-нен, Базаралин-мен; Әуезов-ке, Әуезов-тің, Әуезов-тен, Әуезов-пен; Бейсенбиев-ке, Бейсенбиев-тің, Бейсенбиев-тен, Бейсенбиев-пен; Беков-ке, Беков-тің, Беков-тен, Беков-пен (осындағы *ли, уез, бі, бек* буындары жіңішке болғандықтан, қазақ тілі қосымшасы да жіңішке жалғанып тұр). Жоғарыда көрсетілгендердің аяғына *а* дыбысы қосылып, әйел фамилияларына айналғанда қосымша біркелкі жуан жалғанады. Мысалы: Оспанова-ға, Оспанова-ның, Оспанова-ны; Жұмабаева-ға, Жұмабаева-ның, Жұмабаева-дан т. т.

3. Кісі есімдерінің соңғы дыбысы *ы, і* болып, фамилия ретінде -ова, -ева, -ов, -ев қосымшаларын қосып жазғанымызда, жоғарыдағы *ы, і* әріптерінің орнына *и* әрпі жазылады, ал *-ин, -ина* қосымшаларын қосқанымызда олар түсіп қалады. Мысалы: Жұмағазы ~~Жұмағазы~~, Жұмағазин, Жұмағазина, Мұстафа-Мұстафаев, Мұстафаева; Мұстафин-Мұстафина; Сәрсенбиев-Сәрсенбиев

Сәрсенбин-Сәрсенбина; Нұрғазы-Нұрғазиев, Нұрғазиева, Нұрғазин, Нұрғазина т. б. Бірақ осындай фамилия формаларының қайсысын алам десе де ол әрбір азаматтың өз ықтияр, еркіне байланысты жайт.

4. Фамилияның соңы -ский, -ий, болғанда, оған жалғанатын қосымша әр уақытта жіңішке болады. Мысалы: Яновский-ге, Василевский-ден т. б.

5. Кісі атының соңғы дыбысы *й* болса, фамилияның -ев, -ева қосымшасы жалғанғанда, *й* түсіп қалады. Мысалы: Сексенбай-Сексенбаев, Тұрлыбай-Тұрлыбаева, Мұқай-Мұқаева т. б.

6. Кісінің әкесінің атынан кейін айтылатын *ұлы, қызы* деген сөздер қосылып жазылады. Мысалы: Елжан Мұхаметжанұлы, Ырысбала Есенбайқызы, Күлтай Жұмабайқызы т. б.

7. Ә әрпіне аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар жуан жалғанады. Мысалы: Күлән-ға, Күләш-қа, Күләй-ға.

8. Орыс тілінен енген кісі есімдеріне және орыс жолдастардың фамилиялары мен есімдеріне қазақ тілінің қосымшалары буын үндестігіне қарай жалғанады. Мысалы: Мирон-ға, Владимир-ге, Денис-ке, Валерий-ге, Надежда-ға, Петр-дің, Николай-дың т. б.

9. Қос дауыссыз дыбысқа аяқталған орыс және басқа халықтардың есімдері мен фамилияларына қосымша жалғағанда екеуі де сақталып жазылып, қосымша буын үндестігіне байланысты жалғанады. Мысалы: Филиппке, Кирилл-ге, Лакснесс-ке т. б.

10. Адамның өз аты, әкесінің аты және фамилиясы бас әріппен жазылады. Мысалы: Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев, Алексей Максимович Горький т. б.

11. Адамның өзіне тән мінезін, ерекшелік қасиетін, дене бітімінің кемістігін көрсететін сын есім тұлғалы лақап аттар кісінің шын атының алдынан келгенде *бас әріппен*, соңынан келсе, *кіші әріппен* жазылады. Мысалы: Қозы Көрпеш, Алдар Көсе, Қыз Жібек, Балуан Шолақ, Ер Тарғын, Ер Төстік, Қамбар батыр, Қобыланды батыр, Жиренше шешен, Ақан сері, Біржан сал т. б.

Айқындауыш, анықтауыш сөздер кісі есімдерімен қатар келгенде кіші әріппен бөлек жазылады. Мысалы: ақын Жамбыл, ғалым Асан, агроном Болат т. б.

12. Адам аттарына қосымшалар қосу арқылы жасалған туынды зат есімдер кіші әріппен жазылады. Мысалы: марксизм, ленинизм, жақаевшы, шығанақшы т. б.

ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІН ОРЫСША ТРАНСКРИПЦИЯЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Антропонимдерге байланысты аса қажетті мәселенің бірі — олардың айтылуы мен жазылу нормасы және транскрипциялау боп табылады. Ондай күрделі де практикалық мәні зор істі антропонимдік сөздік арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Әсіресе қазақ фамилиялары мен есімдерін орыс әріптерімен таңбалаудың (транскрипциялау) практикалық мәні аса зор. Өкінішке орай қазақ фамилиялары мен есімдерінің орысша жазылуында әлі күнге оғаш жайттар кездесіп қалады. Кейде есім-фамилиялар орысша жазылғанда бастапқы өң, түр-тұлғасынан өзгеріп, адам танымастай өзгеріске түседі. Мәселен, Қазақбаев көп ретте орысша Казакпаев, Қосмұрзин — Қашмурзин, Қосжанов — Қошжанов, Қосыбаев — Қасубаев, Айтжанов — Айтчанов, Мүліков — Мизликов боп жазылып жүр. Бұндай екіұштылық пен алалықтар есім иелерін ғана емес, жұртшылықты шатастыруда. Осыған орай көрнекті лингвист В. А. Никонов пікірі көптің мүддесінен шығып отыр. «Жыл сайын біздің елде үйленіп жатқан миллиондаған жас жұбайлар ең алдымен қандай фамилия алуды ойлайды. Сондай-ақ мыңдаған азамат жыл сайын есімдері мен фамилиясын өзгертіп жатады. Ал есімдерді бұрыс жазумен байланысты қиыншылықтар үнемі кездесіп жатады, ондағы алалықтар мен екіұштылық жайлары да аз емес.

Әсіресе ұлт есімдерін басқа халықтар тілінде жазумен байланысты қиыншылықтың есебі жоқ. АХА органдары мен паспорт столдарының жұмыс тәжірибесінде бұл мәселелерді дұрыс шешуде тіл мамандарынан нәтижелі жәрдем күтеді. Олай болса, бұл іс аса мұқтаж да зәру мәселелердің бірінен саналады»²,

² Никонов В. А. Имя и общество. М., 1974. С. 5.

Осы сөздікке енген есімдер мен фамилияларды орысша жазуда дәстүрлі транскрипцияны еске ала отырып, антропонимдер санын бұрынғыдан үш есе көбейттік. Қазақ фамилиялары мен есімдерін орыс әріптерімен таңбалауда акад. Л. В. Щербаның пікіріне жүгіндік. Ол: «Әрқашан да есімнің бастапқы айтылу нұсқасына назар аудару керек. Голландия фамилияларын неміс болмаса ағылшын ыңғайымен бұрмалап айтуға болмайды. Олай болса Фершур деместен Берсхор (Verschur), Zvardemaker деген есімді Цвандемакер демей Звардемакер деп жазуымыз керек»³, — деген-ді. Олай болса, қазақ есімдері мен фамилияларын орыс тілінде жазудың біртұтас транскрипциясын жасап, оларды дұрыс жазу жалқы есімдер орфографиясының аса қажетті мәселесі боп табылады.

Қазақ есімдері мен фамилиялары орыс тілінде бастапқы тұлғасын сақтап жазылады. Сөйтіп, қазақ есім-фамилияларын орыс тілінде дұрыс жазуда екі тілдің де орфографиялық ерекшеліктері мен фонетикалық сәйкестіктері толық ескерілді. Олар төмендегідей:

1. Қазақ тіліндегі дауыстылар *а, е, и, о, у, ы* орыс тіліндегі осындай әріптермен таңбаланады. Мысалы: Асан — Асан, Ерен — Ерен, Исатай — Исатай, Омар — Омар, Оспан — Оспан, Болат — Болат, Шонан — Шонан, Солтыбай — Солтыбай т. б.

Ескерту: Қазақ тіліндегі дауысты *О* орыс тілінде кейде *У* немесе *О* дауыстылары арқылы екі түрлі жазылып жүр. Бұлай жазу қазақ тілі емле заңына сай емес. Бұдан былай тек қана тарихи адамдардың, сондай-ақ документтерде орысша жазылуы қалыптасып кеткен, фамилиялары ғана орыс тілінде жазылып, қалыптасқан күйін сақтайды. Мысалы: Ураз Исаев, Ураз Жандосов, Уразов, Урал, Уралов, Оралбаева, Оразбаева.

2. Дауысты *Ә* орыс тілінде *А* дыбысы арқылы таңбаланады. Мысалы: Әбен — Абен, Әли — Али, Әсет — Асет, Әлім — Алим, Әбиба — Абиба, Әлима — Алима, Әмина — Амина, Әсел — Асель т. б.

3. Дауысты *Ө* орыс тілінде *О, У* дыбыстары арқылы да таңбаланады. Әсіресе басқы позицияда ол орыс тілінің еріндік *У* дауысты дыбысымен таңбаланады. Мысалы: Көкбай — Кокбай, Көлбай — Кольбай, Көрік — Ко-

³ Щерба Л. В. Транскрипция иностранных слов и собственных имен и фамилий // Труды комиссии по русскому языку. М., 1931. Т. 1. С. 180.

рик, Өмірбай — Умирбай, Өмірбек — Умирбек, Өтебай — Утебай, Өтеш — Утеш, Өтеғали — Утеғали, Өтеген — Утеген, Өтеміс — Утеміс т. б.

4. Дауыстылар ұ, ү, у орыс тілінде жалаң У дауыстысы арқылы таңбаланады: Ұзақ — Узак, Ұлан — Улан, Ұлас — Улас, Ұлпа — Улпа, Үміт — Умит, Дұтбай — Дутбай, Дүкенбай — Дукенбай т. б.

5. Дауысты Ы орыс тілінде Ы дыбысы арқылы таңбаланады, бірақ та ызың дауыссыз Ш дыбысы алдында И түрінде жазылады. Мысалы: Бақшыл — Бакшил — Бакшилов; Байшыған — Байшиган — Байшиганов, Байшынас — Байшинас — Байшинасов, Шынасбай — Шинасбай — Шинасбаев; Ұлшым — Улшим, Наршым — Наршим т. б.

Ескерту: а) егер де Ы дыбысы есімнің не фамилияның басқы буындарында кездессе, кейде орыс тілінде жазылуында түсіріліп қалады. Мысалы: Тыналы-Тнали, Абылай-Аблай-Аблаев, Қобыланды-Кобланды-Кобландин, т. б.

ә) егер дауысты Ы екінші немесе үшінші буында кездессе, көбінесе онда орыс тілінде У әрпімен таңбаланады. Мысалы: Сарымырза-Сармурза-Сармурзин-Сармурзина, Наурыз-Науруз-Наурузов-Наурузова; Нұрым-Нурум-Нурумова-Нурумовна т. б.

б) дауысты Ы қазақ есім-фамилияларының басқы буындарында айтылып, жазылу нұсқасында сақталғанмен орыс тілінде жазылғанда түсіп қалады. Мысалы: Ырысбек-Рысбек, Ырысалды-Рысалды, Ырысқали-Рысқали, Ырымбек-Рымбек, Ысмағали-Смағали, Ыспанғали-Спанғали т. б.

6. дауысты І орыс тілінде И әрпі арқылы таңбаланады. Мыс.: Бибі — Биби, Ділбар — Дилбар, Тәліп — Талип, Серік — Серик т. б.

Ескерту: Егер дауысты дыбыс І бірінші немесе екінші буындарда келсе, кей ретте орыс тілінде жазылғанда түсіп қалады. Мыс.: Мейізгүл-Меизгуль, Үкілім-Уклим, Мінипа-Мнипа, Әбдірахман-Абдрахман, Әбдіуахит-Абдуахит, Тілек-Тлек, Тілеулес-Тлеулес, Дәуітәлі-Даутали т. б.

7. Қазақ есім-фамилияларында келетін *уы, үі* тіркес дыбыстар орысша жазылуда жалаң у әрпімен таңбаланады: Аймауыт-Аймаут, Арнауыт-Арнаут, Дәуіт-Даут, Дәуігәлі-Даутали, Тұрлауыт-Турлаут т. б.

8. *Йы, -йі* тіркес әріптер арқылы келетін есім-фами-

лиялар орысша жалаң *и* әрпімен таңбаланады: Айшайым-Айшаим, Нұршайым-Нуршаим, Асайын-Асаин, Байыр-Баир, Дайырбай-Даирбай т. б.

9. Қазақ тіліндегі дауыссыздар: *б, г, д, ж, з, к, л, м, н, п, р, с, т, ш, щ* орыс тіліндегі осы әріптер арқылы таңбаланады: Бану-Бану, Гүлжан-Гүльжан, Дәрия-Дария, Жамал-Жамал, Зейнеп-Зейнеп, Шамша-Шамша т. б.

10. Дауыссыз әріптер *ғ, к, қ, ң* орыс тіліндегі *г, к, н* дауыссыздары арқылы таңбаланады: Ағила-Агила, Ақеділ-Агедиль, Ақбала-Ақбала, Аманқұл-Аманқул, Жаңабай-Жанабай, Таңатар-Танатар т. б.

Ескерту. Кей жағдайда *қ* әрпі орыс тілінің *х* әрпімен таңбаланады: Қалабике-Халабике, Қорлан-Хорлан, Мұқамбет-Мухамбет, Тоқтар-Тохтар, Тақыр-Тахир т. б.

11. Дауыссыз сонар *л* орыс тілінің *л* әрпімен таңбаланады: Гүлбадан-Гульбадан, Гүлбаршын-Гульбаршин, Гүлжан-Гульжан, Айгүль-Айгуль, Айнагүл-Айнагуль т. б.

12. Көмей дауыссыз *һ* орыс тілінің *Х* әрпі арқылы таңбаланады: Гауһар-Гаухар, Жауһар-Жаухар, Қаһарман-Қахарман, Таһир-Тахир т. б.

13. Тарихи есімдер орысша жазғанда қалыптасқан қалпында, дәстүр бойынша жазылады: Шоқан-Чокан, Орал-Урал, Шыңғыс-Чингис, Бөкей-Букей, Ұлықбек-Улукбек, Қазақбай-Казахбай, Жамбыл-Джамбул т. б.

Бұл сөздік негізінен жас сәбилерге есім талғап беруге және ол есімдер мен фамилиялардың дұрыс әдеби нормада жазылуына бағыт сілтейтін практикалық мәндегі құрал ретінде жасалды. Сондықтан есімдердің шығу төркіні мен мән-мағынасын көрсетпедік. Ол келешекте шықпақ, баспаға дайындалып жатқан «Есімдеріміздің мағынасы» атты жұмыстың міндеті болмақ.

ЖИНАҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

1. Жинақ ұл (ерлер) және қыздар (әйелдер) есімдері деген екі үлкен бөлімнен тұрады.

2. Тізімге алынып отырған кісі аттары көрнекті әріппен теріледі де, оның төменгі жағында фамилиялары мен әке аттары беріледі.

3. Ер және әйел есімдерінің бірінші бағаналарда қазақша жазылуы, ал екінші бағанада орысша жазылуы көрсетіледі.

5. Тізімдегі ер және әйел есімдері алфавиттік тәртіппен беріледі. Егер де бір есім бірнеше нұсқада (варианта) кездессе, олардың әрқайсысы жеке есім ретінде алынады, ал диалектілік түрлері мен әр түрлі жазылатындары үтір арқылы, болмаса жазылуда қалыптасып, дәстүрге айналып кеткен, бірақ документтерде айтылуынша жазылып жүрген есім-фамилиялар жақша ішінде көрсетіледі.

6. Ұлдар мен қыздарға бірдей ортақ қойылып жүрген Болат, Қанапия, Асыл, Жұлдыз, Қадырхан, Манат, Жанат, Мәкен тәрізді есімдер жинақтың ер және әйел есімдері тізбелерінен бірдей орын алады.

*

* *

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

фам. — фамилия
э. аты — әкесінің аты
қ. — кара

СПИСОК СОКРАЩЕНИЯ
НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ

фам. — фамилия
отч. — отчество
см. — смотри

ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ҚЫСҚАША ТІЗІМІ

КРАТКИЙ СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

а) есімдер туралы сөздіктер словари личных имен

Бегматов Э. А. Узбек исмлари. Тошкент, 1972.

Джанузаков Т. Дж. Есімдер сыры — Тайны имен. Алма-Ата, 1974.

Кусимова Т. Башкирские имена. Уфа, 1976.

Қандай есімді ұнатасыз. Какое выорать имя/Составители: Джанузаков Т. Дж., Белоусов Я. П. и др. Алма-Ата, 1968.

Мирзоев О. Наши имена. Баку 1986.

Правописание таджикских имен/Составители: Р. О. Ортиков, Я. Калонтаров. Душанбе, 1976.

Саттаров Г. Ф. Словарь татарских личных имен. Казань, 1981.

Словарь киргизских личных имен/Под общей редакцией И. С. Колосова/Составитель Ш. Жапаров. Фрунзе, 1979.

Справочник личных имен народов РСФСР/Под редакцией А. В. Суперанской, Ю. М. Гусева. М., 1979, 1987.

б) Заң негіздері туралы материалдар Основные законодательные материалы

Қазақ ССР-інің Неке және семья туралы кодексі. Алматы, 1985.

Кодекс законов о браке и семье Казахской ССР. Алма-Ата, 1985.

Қазақ ССР-інде қолданылып жүрген заңдар жинағы. Алматы, 1979. 18-т.

Собрание действующего законодательства Казахской ССР. Алма-Ата, 1977. Т. 18.

Қазақ ССР-інде Азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы Нұсқау. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 12 сентябрьдегі № 331 қаулысымен бекітіл-

ген. Кітапта: Қазақ ССР Үкіметінің қаулылар жинағы. 1985. № 21—22. 69-б.

Собрание постановлений правительства Казахской ССР. 1985. № 21—22. С. 69.

Положение о порядке рассмотрения ходатайств о перемене гражданами СССР фамилий, имен и отчеств. Утв. постановлением Совета Министров СССР. 20 авг. 1971, № 587. В кн.: Сборник законодательных материалов о регистрации актов гражданского состояния в Украинской ССР. Киев, 1972.

ТУУДЫ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

Адам өміріндегі аса бір маңызды оқиғалар саналатын — тууды, баланың өз аты мен әке атын жазу, балалардың фамилиясын өзгерту, бала ғып алуды тіркеу, әкелікті анықтау, некені тіркеу тәртібі Қазақ ССР-інің Неке және семья туралы кодексі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 12 сентябрьдегі № 331 қаулысымен бекітілген Қазақ ССР-інде Азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы нұсқау бойынша жүргізіледі.

Азаматтық хал актілерінің 152-статьясы бойынша тууды тіркеу тәртібінің ережесі мына төмендегідей.

«Балалардың тууын тіркеуді Азаматтық хал актілерін жазатын органдар баланың туған жері немесе ата-аналарының екеуінің, яки олардың тұрған жері бойынша жүргізеді.

Туу туралы арызды ата-аналары немесе олардың біреуі жазба түрде немесе ауызша білдіреді, ал ата-аналары өлген, ауырған немесе басқа себептермен өтініш жазуына мүмкін болмаған ретте өтінішті туысқандары, көршілері, бала туған кезде шешесі жатқан емдеу мекемесінің әкімшілігі береді. Арызда емдеу мекемесінің анықтамасы, ал бала үйде туған болса — дәрігердің, басқа медицина қызметкерлерінің анықтамасы немесе олар жоқ болған кезде екі күенің анықтамасы қоса тіркеледі.

Азаматтық хал актілері жазылатын кітаптарда ата-аналарын, ата-аналарының атын, әкесінің атын, фамилиясын және ұлтын жазу осы Кодекстің 53—59, 62-статьяларындағы ережелерге сәйкес жүргізіледі.

154-статья бойынша туу туралы арыз хал актілерін жазатын органдарға бала туған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей, ал бала өлі туса — туған уақытынан үш тәуліктен кешіктірілмей берілуге тиіс.

155-статьяда: «Тауып алған бала бұрын тіркелмеген болса, оны тауып алған адамның, балалар мекемесі әкімшілігінің немесе ішкі істер органдарының арызы бойынша тауып алған күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей тіркелуге тиіс, сонымен бірге арызға ішкі істер органының немесе халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің баланы тауып алған уақыты, орны және мән-жайын көрсетіп жазған протоколы қоса тіркелуге тиіс».

156-статья тууды салтанатты жағдайда тіркеу жайында болса, 157-статьяда тууы туралы жазу кітабына енгізілетін мәліметтер бойынша: баланың туған уақыты, туған жері, жынысы, оған қойған аты, фамилиясы, тұрақты тұрағы, ұлты көрсетілуге тиіс.

Осы Кодекстің 56-статьясына сәйкес: «Некеде тұрмаған анадан бала туған кезде, егер ата-анасының бірлесіп берген арызы және әкелікті анықтау туралы соттың шешімі болмаса, баланың әкесі жөнінде туу туралы кітапқа шешесінің фамилиясы бойынша жазылады: баланың әкесінің аты, оның әкесінің аты және ұлты баланың шешесінің айтуы бойынша жазылады». Балалардың фамилиясын өзгерту Қазақ ССР-інің Неке және семья туралы Кодексінің 61-статьясы бойынша жүргізіледі. «Жасы толмаған балаларының фамилиясы ата-ананың екеуінің фамилиясы өзгерген кезде өзгертіледі. Егер ата-ананың бірі фамилиясын өзгертсе, оның жасы толмаған балаларының фамилиясын өзгерту мәселесі ата-аналарының өзара келісімі бойынша шешіледі, ал мұндай келісім болмаған күнде оны қамқоршы және қамқорлық жасау органы шешеді.

Баланың ата-анасы өзара некеде тұрмаған болса, бірақ олардың бірлескен арызы бойынша немесе соттың шешіміне сәйкес Азаматтық хал актілерін жазатын органда әкеліктің анықталғандығы тіркелген болса және баланың фамилиясы әкесінің фамилиясына өзгертілген болса, егер баланың шешесі бұдан былай жасы толмаған баласына өз фамилиясын бергісі келсе, онда қорғаншылық және қамқоршылық органы баланың мүддесін ескере отырып, жасы толмаған баланың фамилиясын өзгерту жөнінде рұқсат етуге праволы. Егер жасы толмаған баланың ата-анасы өзара некеде тұрмаған болса және әкелігі анықталмаған болса, баланың шешесінің фамилиясы өзгертілген кезде қорғаншылық және қамқоршылық органының нұсқауымен жасы толмаған баланың фами-

лиясы оның шешесінің арызы бойынша өзгертілуі мүмкін.

Он жасқа толған баланың фамилиясын өзгерту барлық жағдайда оның келісімі арқылы жүзеге асады»¹.

Қазақ ССР Министрлерлер Советінің 1985 жылғы 12 сентябрьдегі № 331 қаулысымен бекітілген Қазақ ССР-інде Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы Нұсқаудың жалпы ережелерінің II бөлімі Тууды тіркеу туралы ережелердің 30-пунктінде:

«Тууды тіркеген кезінде баланың фамилиясы ата-анасының фамилиясымен анықталады. Ата-анасының келісуі бойынша әкесінің немесе шешесінің фамилиясы, ал олар келісімге келе алмаса қорғаншылық пен қамқоршылық органының нұсқауы бойынша беріледі. Балаға қосарланған фамилия беруге жол берілмейді. Алайда, егер ата-анасында (немесе оның біреуінде) қосарланған фамилия болса, ЗАГС органының балаға бұл фамилияны беруден бас тартуға правосы жоқ. Балаға ата-анасының немесе басқа туысқандарының есімін фамилия ғып беруге жол берілмейді. Осы ереженің 31-пунктінде: «Балаға есім ата-анасының келісімі бойынша беріледі, ата-ана арасында келісім болмаған ретте балаға есім беру мәселесін қорғаншылық пен қамқоршылық органы шешеді. Балаға тек бір ғана есім беріледі, қосарланған есім беруге жол берілмейді» десе, 32-пунктінде «Балаға әкесінің аты әкесінің есімі бойынша не әкесі ретінде жазылған адамның есімі бойынша беріледі. Егер әкесінің жеке басын куәландыратын документке сәйкес бірнеше есімі болса, ата-анасының қалауы бойынша солардың бірі оның әкесінің аты болып беріледі.

Ата-анасының қалауы бойынша әкесінің атына «ұлы», «қызы» деген сөздер қосылып, баланың әкесінің аты болып жазылуы мүмкін»²— деген ереже бар.

¹ Қазақ ССР-інің Неке және семья туралы кодексі. Алматы, 1985, 29, 30, 61, 65, 66-б.

² Қазақ ССР Үкіметінің қаулылар жинағы. 1985. № 21—22, 69-стат.

О ПОРЯДКЕ РЕГИСТРАЦИИ РОЖДЕНИЯ РЕБЕНКА

Важные события в жизни человека — рождение, смерть, заключение брака, расторжение брака, усыновление, установление отцовства, наречение именами, запись имен, отчества и фамилии, перемена имени, отчества и фамилии — подлежат регистрации на основе Кодекса законов о браке и семье Казахской ССР, утвержденного законом Казахской Советской Социалистической Республики от 6 августа 1969 года, и Инструкции о порядке регистрации актов гражданского состояния в Казахской ССР, утвержденной постановлением Совета Министров Казахской ССР от 12 сентября 1985 года № 331. В нижеследующем дается полный текст общего положения этих юридических документов.

«Статья 152. Порядок регистрации рождения. Регистрация рождений — актов гражданского состояния — по месту рождения ребенка или месту жительства родителей либо одного из них.

Заявление о рождении делается в письменной или устной форме родителями или одним из них, а в случае их смерти, болезни или невозможности по иным причинам сделать заявление — родственниками, соседями, администрацией лечебного учреждения, в котором находилась мать при рождении ребенка. К заявлению прилагается справка лечебного учреждения, а в случае рождения на дому — справка врача, другого медицинского работника или, при их отсутствии, справка двух свидетелей. Запись родителей в книгах записей актов гражданского состояния, имени, отчества, фамилии, национальности родителей производится согласно положениям ст. 53—56, 59, 62 настоящего Кодекса.

Статья 154. Сроки подачи заявления о рождении.

Заявление о рождении должно быть сделано в органы

записи актов гражданского состояния не позднее месяца со дня рождения, а в случае рождения мертвого ребенка не позднее трех суток с момента родов.

Статья 155. Порядок регистрации рождения найденного ребенка.

Рождение найденного ребенка, если оно не было зарегистрировано ранее должно быть зарегистрировано по заявлению лица, нашедшего его, администрации детского учреждения или органов внутренних дел не позднее трех суток со дня нахождения, причем к заявлению должен быть приложен протокол, составленный органом внутренних дел или исполнительным комитетом поселкового, сельского, аульного Советов народных депутатов с указанием времени, места и обстоятельств, при которых ребенок был найден.

Статья 156. Регистрация рождения в торжественной обстановке.

По желанию родителей орган записи актов гражданского состояния обеспечивает регистрацию рождения ребенка в торжественной обстановке — в помещении органа записи актов гражданского состояния, в клубах, красных уголках, по месту работы или обучения родителей — с участием представителей советских и общественных организаций, в соответствии с правилами Инструкции о порядке регистрации актов гражданского состояния (стр. 145 Кодекса).

Статья 157. Сведения, вносимые в книгу записей о рождении.

В записи о рождении должно быть указано время, место рождения, пол ребенка, присвоенные ему имя, фамилия, а также имена, отчества, фамилии, постоянное местожительство, национальность родителей.

В случае рождения мертвого ребенка делается в книге записей о рождении соответствующая отметка в особой графе.

О совершенной записи выдается свидетельство о рождении.

О записи родителей в книгах записей о рождении ребенка, а также личных правах и обязанностях родителей подробно указано в IX и X главах данного Кодекса.

Статья 56. Запись о происхождении ребенка, рожденной матерью, не состоящей в браке.

При рождении ребенка у матери, не состоящей в браке, если не имеется совместного заявления родителей и

решения суда об установлении отцовства, запись об отце ребенка в книге записей о рождении производится по фамилии матери; имя, отчество и национальность отца ребенка записываются по ее указанию.

Статья 61. Изменение фамилии детей.

Фамилия несовершеннолетних детей изменяется при изменении фамилии обоими родителями.

Если фамилию изменил один из родителей, вопрос об изменении фамилии его несовершеннолетних детей решается соглашением между родителями, а при отсутствии соглашения — органом опеки и попечительства.

В тех случаях, когда родители ребенка не состоят между собой в браке, но по их совместному заявлению или в соответствии с решением суда органом записи актов гражданского состояния было зарегистрировано установление отцовства и фамилия ребенку была изменена на фамилию отца, а мать ребенка впоследствии желает присвоить несовершеннолетнему свою фамилию, то орган опеки и попечительства, исходя из интересов ребенка, вправе разрешить изменение фамилии несовершеннолетнего.

Если родители несовершеннолетнего не состоят между собой в браке и отцовство не установлено, при изменении фамилии матери ребенка по указанию органа опеки и попечительства по ее заявлению может быть изменена фамилия несовершеннолетнего.

Изменение фамилии ребенка, достигшего десятилетнего возраста, во всех случаях производится с его согласия»¹.

В Инструкции о порядке регистрации актов гражданского состояния в Казахской ССР, утвержденной постановлением Совета Министров Казахской ССР от 12 сентября 1985 года № 331, также имеются общие положения о регистрации рождения.

Пункт 30 гласит: «При регистрации рождения фамилия ребенка определяется фамилией родителей. При разных фамилиях родителей ребенку присваивается фамилия отца или матери по соглашению родителей, а при отсутствии соглашения — по указанию органа опеки и попечительства. Не допускается присвоение ребенку двойной фамилии. Однако если родители (или один из

¹ Кодекс о браке и семье Казахской ССР. Алма-Ата, 1985. С. 119, 120, 122, 156, 157, 158.

них) носят двойную фамилию, орган загса не вправе отказать в присвоении этой фамилии ребенку. Не допускается присвоение ребенку фамилии, производной от имени родителей или других родственников».

Пункт 31. Имя ребенку дается по соглашению родителей, в случае отсутствия соглашения между родителями вопрос о присвоении имени ребенку решается органом опеки и попечительства.

Ребенку может быть дано только одно имя, присвоение двойного имени не допускается.

Орган загса не вправе отказать в присвоении ребенку выбранного родителями имени на том основании, что данное имя не указано в справочнике личных имен или является сокращенным, ласкательным.

Пункт 32. Отчество ребенку присваивается по имени отца либо по имени лица, записанного в качестве отца. Если отец в соответствии с документом, удостоверяющим личность, имеет несколько имен, отчество ребенку присваивается по одному из них по выбору родителей.

По желанию родителей отчество ребенка может быть записано с прибавлением к имени отца слов: «ұлы», «қызы»².

Регистрация рождения близнецов, рождения найденного ребенка и др. подробно излагается в пунктах 35, 36, 37 данной Инструкции.

² Собрание постановлений правительства Казахской ССР. 1985. № 21—22, стат. 69.

ҰЛ (ЕРЛЕР) ЕСІМДЕРІ
МУЖСКИЕ ИМЕНА

ҚАЗАҚША ЖАЗЫЛУЫ

РУССКОЕ НАПИСАНИЕ

А

АБАЙ,
фам. Абаев, Абаева,
ә. аты. Абайұлы,
Абайқызы.

АБАЙДІЛДАН,
фам. Абайділдан-
нов, Абайділдано-
ва,
ә. аты. Абайділдан-
ұлы, Абайділдан-
қызы.

АБАҚАН,
фам. Абақанов, Аба-
қанова,
ә. аты. Абақанұлы,
Абақанқызы.

АББАС,
фам. Аббасов, Абба-
сова,
ә. аты. Аббасұлы, Аб-
басқызы.

АБДАН,
фам. Абданов, Абда-
нова,
ә. аты. Абданұлы,
Абданқызы.

АБАЙ,
фам. Абаев, Абаева,
отч. Абаевич, Аба-
евна.

АБАЙДИЛЬДАН,
фам. Абайдильда-
нов, Абайдильда-
нова,
отч. Абайдильдано-
вич, Абайдильданов-
на.

АБАХАН,
фам. Абаханов, Аба-
ханова,
отч. Абаханович,
Абахановна.

АББАС,
фам. Аббасов, Абба-
сова,
отч. Аббасович, Аб-
басовна.

АБДАН,
фам. Абданов, Абда-
нова,
отч. Абданович, Аб-
дановна.

АБДОЛ,
фам. Абдолов, Аб-
долова,
э. аты. Абдолұлы, Аб-
долқызы.

АБДОЛЛА,
фам. Абдоллаев, Аб-
доллаева, Абдул-
лин, Абдуллина,
э. аты. Абдоллаұлы,
Абдоллақызы.

АБЗАЛ,
фам. Абзалов, Абза-
лова,
э. аты. Абзалұлы, Аб-
залқызы.

АБЫЗ,
фам. Абызов, Абы-
зова,
э. аты. Абызұлы,
Абызқызы.

АБЫЛАЙ,
фам. Абылаев, Абы-
лаева,
э. аты. Абылайұлы,
Абылайқызы.

АБЛАҚ,
фам. Аблақов, Аб-
лақова,
э. аты. Аблақұлы, Аб-
лаққызы.

АБЫЛҒАЗЫ (Әбілғазы),
фам. Абылғазиев,
Абылғазиева, Абыл-
ғазин, Абылғазина,
э. аты. Абылғазыұлы,
Абылғазықызы.

АҒАБЕК,
фам. Ағабеков, Аға-
бекова,
э. аты. Ағабекұлы,
Ағабекқызы.

АБДОЛ,
фам. Абдолов, Абдо-
лова,
отч. Абдолович, Аб-
доловна.

АБДУЛЛА,
фам. Абдуллаев, Аб-
дуллаева, Абдул-
лин, Абдуллина,
отч. Абдуллаевич,
Абдуллаевна.

АБЗАЛ,
фам. Абзалов, Абза-
лова,
отч. Абзалович, Аб-
Кемел, Камел; Әзім — Ғазым, Қазым т. б. есімдер та-
райды.

Сондай-ақ бір дыбысы ғана өзгерудің салдарынан пайда болған бірнеше вариантты есімдер бар. Бұларды бір есімнің түрлі тұлғада айтылған варианттары деп тану керек. Мысалы: Сәбира, Сабира, Набира — Нәбира, Ибраһим, Ибрагим, Ыбырай, Ыбырайым, Ыбыраш; Абілқайыр, Әбілхайыр, Әбілқайыр, Әбуталып, Әбутәліп; Ихсан, Ыхсан, Ихсан, Ехсан; Ислам — Есләм, Ісләм, Слам, Ысламбек, Гауһар — Гәухар, Гаухар; Хадиша—Қадиша, Қарна; Ханифа — Әнипа, Қанипа; Хорлам — Қорлан; Есламғали; Исқақ — Ысқақ, Исхақ, Сқақ, Есхақ, Исак; Смайыл — Исмайыл, Сымайыл, Ысмағұл; Бақия, Бахи, Бақыт т. б.

Тілімізде биресми вариантты яғни қосалқы есімдер де бар. Бұл тектес есімдер туған-туыс, жора-жолдас, семья арасында ғана айтылғаны болмаса, дербес жеке есімдер қатарына жатпайды. Ондай қосалқы есімдер әрбір ұлт өкілінде, әрбір халық тарихында жиі кездесіп отырады.

Орыс есімдерін зерттеген ғалымдар ондай қосалқы есімдердің пайда болу, шығу себебін нақтылы баяндап, мүмкіндігінше көрсетіп отырған. Ондай қосалқы есімдердің бірі христиан діні бойынша қойылған болса, екіншісі ана тілі негізінде қойылып отырған халық атаған төл есімдер болған. Сонымен, бір адам әрі христиан дініне байланысты қойылған есіммен, әрі өз туғандары қойған есіммен аталып отырған»¹.

Түркі халықтары есімдері тарихынан да осындай жайттарды байқау қиын емес. Мұсылман діні негізінде құраннан қойылған аттармен қатар әр адамның таза ана тілінде қойылған есімдері болған. Оның негізгі себебі, біріншіден, діни есімдер халыққа жат болса, екіншіден, тұрмыста айтылуы да қиын болып отырған. Қазақ тіліндегі қосалқы аттардың үш түрлі жолмен жасалғанын байқаймыз. Біріншісі — ислам дініне сәйкес құраннан қойылған ат және үй ішінде, туған-туыс арасында аталатын есім. Мәселен, Мұхамбетрахым — Мұқамбай, Шахбатдун — Шақабай; екіншісі — ислам діні бойынша құраннан я кітаптардан қойылған есімдерді қазақылап, қысқарта айту. Мәселен, Ибраһим орнына Абай, Мұхаметқанафия орнына Шоқан, Сәдуақас орнына Сәкен,

¹ Чичагов В. К. Из истории русских имен, отчеств и фамилий. М., 1959. С. 13.

Гүлбахрам орнына Күлпаш, Бәдігүлжамал орнына Бәдеш т. б.

Қосалқы есімдердің үшінші бір тобына қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген түрлері тән. Бұл жол бойынша, адамдардың паспорттағы есімдерінен басқа тұрмыста қолданылатын екінші қосалқы есімі қолданылады. Мәселен, паспортта Разия, тұрмыста Роза, Қлара—Галя, Нарилия — Надя, Алғазы — Алик, Еркін—Эрик, Ерғали — Эдик, Зиния — Зина, Жолдасбек, Жарқын — Жора т. б. Бұл әдіс кәсіптікпен тікелей байланысты болғандықтан, қазіргі өмірде аса жиі кездесетін өнімді тәсіл. Алайда заңды, ресми есімдер — паспорттық есімдер боп табылады.

Осылармен қатар, есімдердің және ауызекі сөйлеу тілде кездесетін варианттары да аз болмайды. Әсіресе олардың диалектілік варианттары басым болады. Тіліміздегі кісі есімдері құрамында жергілікті тіл ерекшеліктерінің элементтері байқалады. Ол фонетикалық және лексика-грамматикалық тұлғаларда кездеседі.

Кейбір адам аттарының бір облыс я аудан көлемінде түрліше айтылатыны бар. Мәселен, Солтүстік, Шығыс Қазақстанда Түсіп, Дүсіп, Жұныс, Жұсып деп айту жиі ұшырайды. Мұндай құбылыс Оңтүстік Қазақстан тұрғындары тілдерінде де анық көрінеді. Мәселен, Алпамыш, Нүсіп, Жүсіп, Жүсіпбек, Әймен, Айман, Полатбек, Полымбет, Пахтагүл т. б. Мұндағы дыбыстық өзгерістер шектес дыбыстардың ұдайы алмасуына сай ұшырайды. Осымен қатар көршілес, шектес отырған халықтар тілінің тигізген ықпалы да болмай қоймайды. Әдеби тілдегі дауыссыз ұяң ш дыбысы орнына қатаң ч дыбысын қолдану Алматы облысының Кеген, Нарынқол, Шелек, Ұйғыр ауданындағы кісі есімдерінде үнемі қолданылады. Мәселен, Чегебай, Чәйнек, Чегір, Күлчачар, Ақчал, Чыныбай, Күлчар, Күлчара, Чынар, Чырын, Чілдебай Четтікбай, Чолпанбай, Чайым, Чайбала т. т. Бұл қатаң ч дыбысын үнемі қолдану Семей, Шығыс Қазақстан облысы тұрғындары тілдерінде де бар екені толық анықталып отыр. Осы ч дыбысы туысқан қырғыз, ұйғыр, өзбек әдеби тілдеріне де хас дыбыстар.

Бұл ч дыбысы — көне түркі тілдеріне тән, сол ерте заманнан келе жатқан алғашқы тарихи дыбыс. Олай болса әдеби тіл нұсқасына тән саналатын ұяң ш дыбысы кейінгі дәуірдің жемісі болса керек.

Оңтүстік тұрғындары ұяң б және мұрын жолды м орнына қатаң дауысты п әрпін қолданады. Бұл құбылыс, әсіресе, Шымкент облысында жиі ұшырайды. Мәселен, Полатбеков (Болатбеков орнына), Пактагүл (Мақтагүл орнына) т. б. Әдеби тіліміздегі *дария* сөзі ол аймақта *дайра*, *ие* сөзі *еге* тұлғаларында айтылады. Соның нәтижесінде Дайрабаев, Егембердиев тәрізді фамилиялар жиі қолданыс табуда.

Жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты кісі аттарын фонетикалық, морфологиялық және лексикалық тұрғыда саралап қарағанда мына төмендегідей құбылыстарды анық байқаймыз.

Оңтүстік Қазақстан диалектісінің фонетикалық ерекшелігіне сай айтылатын кісі аттары

дыбыстардың алмасуы	оңтүстікте қолдану аясы	әдеби тілдегі нұсқасы
д/н, ж/т б/п	Нүсіп, Жүсіп Палым, Полат, Полатбеков, Полтай	Дүсіп, Түсіп, Жүсіп. Балым, Болат, Болатбеков, Болтай
д/л	Оңласын Аллаберген	Оңдасын Алдаберген
ч/у	Чегебай Ақчал	Шегебай Ақшалов
д/п	Пернебай	Пернебай

Оңтүстік диалектісінің лексикалық ерекшелігіне сай

Оңтүстік аймақта қолданылуы	Әдеби тілдегі нұсқасы мен мағынасы
Қожық Көрпеш Дайрабай Тоқаш Манат Ләшкер Бүбіхан	Қожақ «зор, үлкен» «Марқа қозы» «Дария», «өзен» «Бауырсақ» «Сом», «Теңге» Әскер Бибіхан

Осы сөздер негізінде: Дайрабай (ев), Тоқаш (ев), Манат (ов), Ләшкер, Қожықов тәрізді кісі аттары мен фамилиялар жасалған.

Ал Бүбі, Бүбіхан, Нүрбүбі тәрізді әйел аттары Алматы, Жамбыл облыстарында жиі кездеседі. Бұл *бүбі*

сөзінің әуел бастағы тұлғасы биби. Бұл сөздегі и кыргыз тілінің артикуляциясына сай еріндік ү әрпіне алмасып, *Бүбү* боп айтылады. Бұл есім Алматы, Жамбыл облыстары тұрғындары тілдеріне кыргыз тілінен *Бүбі* түрінде енген.

Қазақ тілінің фонетикалық заңы бойынша түбір сөздің соңында еріндік дауысты ү келмейді. Сол себепті кыргыз тіліндегі алдыңғы қатарлы еріндік дауысты ү әрпінің орнына біз қысқа дауысты і әрпін қолданамыз.

Мысалы:

Қыргызша	Қазақша
Бүбүш	Бүбіш
Бүбүхан	Бүбіхан
Тұлқубай	Түлкібай т. б.

Компоненттерінің бірі **ақын** сөзімен келетін кісі аттары Алматы облысының Ұйғыр ауданымен шектес отырған Нарынқол, Кеген Шелек, Енбекшіқазақ аудандарында ғана бар. Мысалы. Оразақын, Әлақын, Нұрақын, Молдақын, Тұрдақын, Айтақын т. б. Бұлар ұйғыр тілінде: Турдуахун, Әлахун, Илахун, Нурахун, Оразахун, Молдахун т. б. Осы тәрізді *ахун* сөзі арқылы жасалған ер аттары ұйғыр тілінде өте көп кездеседі. Оның, әсіресе, Іле және Жанашар өңірінде тұратын ұйғырлар тілінде басым айтылатыны көзге ұрады. Мысалы: Ашур Хәндже—Ахунь, Аширахун, Турсунахун, Назарахун т. б. А. И. Пантусов Іле жазығы мен Қошқарда дін уәкілдері мен ақсүйектер *ахун* сөзін титул, атак ретінде қолданғанын айтса, К. К. Юдахин «ахун» сөзі Солтүстік Қырғыстанның Ыстықкөл, Тяньшань облыстарында кісі аттары сынарларында кездесетінін көрсетті (Мусақун, Айсақун). Қыргыз тіліндегі осы *ақун* сөзінің төркіні ұйғыр тіліндегі *ахунд*. Ол термин кыргыздар мен қазақтарға ұйғыр тілінен енген еді» деген пікір айтады².

Құрамында **ақын** сөзі келетін кісі есімдері Қазақстанның басқа облыстарында кездеспейді. Ол ұйғырлармен көршілес әрі аралас отырған тұрғындар тілдерінде ғана бар. Ондай кірме сөздер қатарына: *кән, жуазы, келімдәрі, еткен чай* тәрізді сөздер де тән. Ал *кән, чай* сөздерінің ұйғыр тіліне қытай тілінен енгені көпке мәлім.

² Юдахин К. К. О киргизском термине акын // Академику В. А. Гордовскому к его семидесятилетию. М., 1958. С. 325.

Бұл дәлелдердің бәрі көрші елдердің ғасырлар бойы бір-бірімен мәдени, тарихи қарым-қатынас жасағанын анық көрсетеді.

Кісі аттарында кездесетін фонетикалық ерекшеліктерді Батыс Қазақстан облысы тұрғандары тілдерінен де арақидік кездестіреміз.

Лексикалық ерекшеліктерге

Батыс Қазақстанда	Әдеби тілде
Назып, Назым Игісін жолай Томыш / Тумыш сылаң	Сұлу, әдемі жақсы шырай жолшыбай арғымақ ат Түзу, бнік, мүсінді

Фонетикалық ерекшеліктерге сай

дыбыстар- дың алмасуы	Батыс Қазақ- станда қолда- нылуы	Әдеби тілдегі нұсқасы
с/ш	Сұжық Сүйенші	Шұжық Шүйінші, сүйінші
н/ң	ақпан	ақпан
н/у	тілеуші	тіленіш
у/ө	дүнеп	денен т. т.

Осы сөздер негізінде жасалған кісі аттары мен фамилиялар Батыс Қазақстанда қазір де бар. Мысалы: Игісін, Назым, Жолаев, Сужықов, Сүйіншіәлнев, Дүкенбаев, Тумышев, Сыланов т. б. Бұндай ерекшеліктер осы көрсетілген мысалдармен ғана шектеліп қоймайды. Бірсыпыра есімдер қазақ тілінің кейбір жергілікті ерекшеліктеріне сай, Айша—Ғайша, Қайша; Ғабдолла—Ғабдолда, Қабдолда, Қабдол, Қабдул, Әбділда, Әбілда, Абдолла, Абдол: Ғали—Қали, Әли, Әлі, Алы, Ғабдрахман—Ғабдірахман, Қабдірахман, Әбдірахман, Абдирахман, Әбдірах түрлерінде айтылып та қолданылады. Бұл қатар, жарыса қолданылған, вариантты есімдердің басқы әріптері басқа дыбыстардың ауанына орай пайда болып тұрған жоқ. Бұл слоптандық өзгеріс әсері.

Біріккен тұлғалы кісі аттары сыңарларында келетін *ғали* сөзі Батыс Қазақстан тұрғындары тілдерінде, ал *қожа* сөзі Оңтүстік Қазақстан тұрғындары тілдерінде басым кездеседі.

Жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты кісі аттары өте көп. Олардың грамматикалық құрылысын, тұлғалық ерекшелігін зерттеудің маңызы зор. Олар басқа тілдерден енген сөздердің де, тарихи сөздердің де диалектімен байланысын, әрі ара қатысын ажыратуға қосымша материал болары даусыз.

Сондай-ақ кісі аттары варианттарының сыр-силатының бір жақ сыры осы тіл ерекшеліктеріне тікелей байланысты тұрады.

Фамилиялар және әке аттары

Антропонимика ғылымында фамилиялар мен әке атының (отчество) шығуы, дамып қалыптасуы — өзекті мәселелердің бірі. Фамилияның және әке атының шығу тарихы, олардың дамуы жер жүзі халықтарында бірдей емес. Сонымен қатар, олардың қосымша формалары да әртүрлі. Үнді-европа тілдерінде, оның ішінде славян халықтарында фамилиямен аталу түркі халықтарымен салыстырғанда ерте шыққан. Батыс Европа фамилияларының жасалу жолдары мен структуралық типтері өзіндік ерекшеліктерге ие келеді.

Қазіргі кездегі біздің фамилиялар нұсқасы орыс тілінің игі әсерімен қалыптасып, дамып отырғаны тарихтан белгілі. Азаматтық правоға ие болып, паспорт алудан бастап жаппай фамилияға көшу тек советтік дәуірде ғана жолға қойылып, іс жүзіне асып отыр. Бұл күндегі фамилия орыс тілінен қабылдаған *-ев, -ева, -ов, -ова, -ин, -ина* қосымшалары арқылы жасалады. Бұл қосымшалар негізінде фамилиялар жасау — тұрмыста кеңінен қолдау тауып, өмірде қолайлы болып отыр. Дегенмен қазіргі фамилияға жеткенге дейінгі оның тарихы, даму күйі көңіл қояр келелі мәселе. Өйткені қазақ тарихында бұрынғы кезеңде фамилия иемденудің дәл қазіргідей нұсқасы болмағанмен, сол замандарға тән өзіндік аталу формасы болғаны күмәнсіз.

Әке атымен аталу — ертеден бар жалпы халықтық құбылыс. Бірақ қазіргі кездегі әке атымен аталудың формасы олардан жаңаша, құрылысы да өзгеше.

Әке атымен аталу

Ғылым тілінде әке атын, көбіне патронимия деген терминмен атайды. Ол гректің *pater* (*patros*) — «әке» және онома — «ат» деген сөзі. Орыс тілінде *отчество* десе, бізде *әке аты* деген терминмен аталады. Бірақ ауызша, сөйлеу тілде бұл екі термин жарыса қолданыла береді. Әке атымен (патроним) аталу барлық халықтарда бар және болған дәстүр. Қазақ өмірінде ертеден-ақ *ұлы, қызы, баласы* деген сөздер өз атымен қосыла айтылып, әкенің балаға қатысын, баланың әкеге тәндігін білдіріп отырған. Бұл формада айтылуды сонау ерте замандағы көне түркі халықтарына тән (Орхон — Енисей) жазбалардан да көреміз. Мысалы: Бақырқу Улуғ Іркін, Тіңәсі оғлу, Байна Санун Оғлы Кулуғ Чур, Кулуғ Тіріг оғлы бән Кулуғ Тоған, Бала — Туғма әрді оғлы бән т. б.

Халық ауыз әдебиетінің нұсқаларында батырлар жырлары мен тұрмыс-салт жырларында әке атымен аталуды жиі кездестіреміз. Олар «ұлы», «қызы» сөздері арқылы толық, кейде изафеттік конструкцияда қолданылып отырады. Мысалы: Базарбайдың Төлеген, Базарбайдың Төлегені, болмаса Базарбайдың баласы Төлеген мырза, Сырлыбайдың қызы Жібек, Көктімнің қызы Құртқа, Сейілдің ұлы Қараман, Өмір ұлы Сыбан, Қарасай ұлы Көбен, Алшағыр ұлы Теген, Керей ұлы Келмембет, Қоянақ ұлы Қарт Қожақ т. б.

Осы *ұлы, қызы* сөздері арқылы әке атының (патроним, отчество) жасалуы XV ғасырда да кеңінен дамыған. Демек, бұл дәуірлерге дейін әке атының жасалу, қолдану жүйесіне араб, иран немесе монғол тілдерінің ықпалы болмағаны байқалады. Сол дәуірлердің заман жыршылары: Қазтуған жырау Сүйінішұлы, Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы деп әке атымен аталған.

XVI ғасырға тән жазба ескерткіш, Қосын жалаири еңбегі «Жами тауарихтан» біраз мысал келтіре кетейік. Бұл шығармада «ұғлы» сөзімен қатар арабтың «бән» сөзі (сирек болса да) қолданылып отырғанын көреміз. Мысалы: Есенұлы Болай, Ескеұлы Жолай, Мулик оғлы Башбек сұлтан, Бұрындық ханның оғлы Кемсин, Усанханның оғлы Болат сұлтан, Бауыш Бойдашның оғлы Әдик сұлтан, оның оғлы Бойдашхан, Барақ оғлы Дәуриш хан. Жағат қызы Яқшымбек, Бұрындық ханның қызы Дадым ханым т. б.

Күні бүгінде осылайша әкесінің есімімен аталуды әке аты деп атаймыз. Егер бейтаныс біреуден жөн сұрай қалғанда, ең алдымен әкеңіздің аты кім? — деп сұрау ежелден қалыптасқан дәстүр. Мұндай сұрауға, әлбетте, әркім-ақ әкесінің атын, өз атын айтып, жауап береді. Әке аты мен фамилияның айырмасы неде, қандай ерекшеліктері бар? — деген сұрақ туары сөзсіз. Ол жөнінде орыс тілі сөздіктерінде анықтама жете түсіндірілген.

«Отчеством в современном русском языке мы называем наименование по отцу. Фамилия — это наследственное семейное наименование, прибавляемое к личному имени и переходящее от отца или матери к детям от мужа к жене»³.

Бұрын әке атын бір ғана ұлы иемденбеген. Сол адамның келіні, қызы, басқа да семья мүшелері иемденген, Ақжанның ұлы Баян, Ақжанның қызы Күлжан, Ақжанның келіні Мағыш. Ол кезде фамилия болмағандықтан, әйел адамдар да күйеуінің атымен — Асқарбайдың әйелі деген формада айтылатын. Демек, сол бір дәуірлерде әке аты семьялық атауға да ие болғанын байқа-тады.

Әке атымен аталудың өзі бұрын түрліше формада болған. Үстем тап өкілдері әке атымен аталғанда өз лауазымын, феодалдық тегін қосып айтқан. Мәселен, Тоқал бай Қоңырбай ұлы, Кебек Байназар ұлы старшина. Хан бахадур Нұрмахамбет Әлиұлы, Қайып хан ұлы Әбілғазиз, Есеналы сұлтан Нұралы ұлы⁴.

Осы XVIII ғасырда ұлы сөзінің орнына арабтың *бин* сөзін қолдану тенденциясының басым болғаны көрінеді. Мәселен, Бекбау бин Ертай, Екілік бин Бөкенбай, Сапақ бин Ербай, Бөдене бин Байтілеу, Мәдет бин, Күшік бин Бай, Тоқсан бин⁵.

Осымен бірге бұл кезде *бин* сөзі орнына *оғлы*, *ұғлы* деген татар сөзі де жарыса қолданылған еді. Оның себебі, ол кездердегі сауатты, мұсылманша оқи, жаза білетіндердің көбі татарлар болған. Сол уақыттағы сұлтандардың, билер мен төрелердің кеңсе жұмысын жүргі-

³ Ушаков Д. М. Толковый словарь русского языка. Т. I. 1938, Ожегов С. И. Словарь русского языка. М., 1952. С. 785.

⁴ Материалы по истории Казахской ССР, 1785—1882 гг. М.; Л., 1940. С. 166.

⁵ Бұл да сонда, 173-б.

зушілер де солар еді. Сондықтан да ол кездегі іс, кеңсе қағаздарында *бин* сөзімен қатар *оғлы* сөзі жарыса қолданылған. Мәселен, Аманбай старшина Мамыр оғлы, Нұрғали оғлы, Бек Отан оғлы, Жүзбасар Сарт оғлы, Сатыбалды Өтеген оғлы⁶ т. т.

Әке атымен аталуда *ұлы*, *қызы* сияқты зат есімдерден басқа орыс тіліндегі *-ев*, *-ов* жұрнақтарын да қолданған. Ол XVIII ғасырмен XIX ғасыр ескерткіштерінде кездеседі. Мәселен, Сырым Датов, Тленши Батыров, Құдашев, Ақымбет Қаратаев, Аликаран Имантаев⁷. Әке атының соңына қосылған орыс тілі жұрнақтары ол кезде қазақ тіліндегі *ұлы* сөзін білдірген.

XVIII—XIX ғасырларда әке аты мен бала аты қатар ешбір жұрнақсыз, зат есім сөздермен тіркеспей-ақ айтылған. Мұндай жағдайда бала аты алдымен, әке аты соңынан қатар айтылатын: Мәселен, Күшікбай Есболат, Болыш Марқабай, Майкөп Ысқақ, Тұраш Кесікбай, Мәкежан Жұмағұл, Кененбай Отан⁸. Сөйтіп, XIX ғасырдың бас кезінде әке аты *ұғлы* сөзі арқылы және *-ев*, *-ов*, *-ин* орыс жұрнақтары арқылы берілгенін көреміз. Мәселен, Сәбит Дөнентай ұғлы, Кәрім Батыш ұғлы, Ысқақ Бердіқожа ұғлы, Шахмардан Әлжанов, Жұмақан Бейісов, Сәрсекей Байқарин т. б. Бұл кездегі жұрнақтар (*-ев*, *-ов*) фамилиялық болғанымен әке атында қолданыла беретін. Өйткені ол кездегі фамилияның өзі осы әке аты болып саналған.

Сонымен, Октябрь революциясына дейінгі әке аттары ресми документтерде бірде *-ов*, *-ев* жұрнақтары арқылы берілсе, енді бірде «*оғлы*», «*ұлы*» сөздерімен, ілік септік арқылы изафеттік құрылыста және Қазыбек Сәлім, Асан Базарбай сияқты тіркес арқылы берілгенін көреміз.

Октябрьден соң әке атының кейбір көрсеткіш форманты фамилияға ауысады. Атап айтқанда *-ев*, *-ов*, *-ева*, *-ова* қосымшалары арқылы фамилиялар жасалады да, әке аты оның орынына *-ич*, *-евна*, *-овна* қосымшалары арқылы берілетін болады.

Қазіргі кезде тіліміздегі әке аты *ұлы*, *қызы* сөздері мен орыс тілінен қабылдаған *-евич*, *-евна*, *-овна* қосымшалары арқылы жасалып отыр.

⁶ Бұл да сонда, 307—311-б.

⁷ Материалы по истории Казахской ССР, 1785—1882 гг. М.; Л., 1940. С. 65, 87.

⁸ Материалы по землепользованию Семиреч. обл. Т. 1. М., 1911. С. 41.

Бұл екі форманттың екеуі де бізге қолайлы. «Қазақ ССР-ында азаматтық өмір өзгерістерді тіркеу тәртібі» туралы нұсқаудың 12-пунктінде «баланың әкесінің аты (отчествосы) әке аты бойынша жазылады» делінген. Осы пункттің ескертуінде: Шығыс халықтары азаматтарының (қазақтар, татарлар, ұйғырлар және т. б.) тілегі бойынша, олардың балаларының әкесінің атына (отчествосына) ұлы, қызы деген сөздерді қосып жазуға болады. Мысалы: Еділбаев Мұхит Айдарұлы, Еділбаева Рабиға Айдарқызы⁹. Қазіргі кездегі ұлы, қызы сөздері және -ович, -евич, -евна, -овна қосымшалары әке атымен үнемі бірге, қосылып жазылады.

Фамилиялар

Қазақ тіліндегі әке аттары да, фамилиялар да кісі аттарынан алынған. Бұл екеуі де тілдегі жалпы есім сөздерден (апеллятивтерден) жасалады. Әр халықтың фамилиясы әртүрлі жолмен дамыған. Олардың қалыптасу, даму жолдары да алуан түрлі.

Г. В. Тропиннің мәліметі бойынша, европалықтарда фамилиялар XII ғасырдан кездесетін болса, А. Ф. Потт пікірінше, фамилия иемденуі XIV ғасырда жаппай етек алады¹⁰. Еуропа мен Россияда фамилияның шығуы XIV—XVII ғасырлардан басталатынын А. В. Суперанская мен Л. И. Щетинин еңбектерінен байқаймыз¹¹.

Сол еңбектерде фамилиялардың типтері шығу, пайда болу ыңғайына қарай жіктелген. Орыс фамилияларының тарихынан әлеуметтік жайларды толық аңғартамын: Иванов, Гришин, Волков, Лапшин сияқты қарабұқараға тән фамилиялардың болғанын көреміз¹².

Фамилиялар, негізінде, адамның бір семьяға немесе белгілі жерге тәндігін білдіретін болғандықтан түрлі-мorfологиялық тәсіл арқылы көрсетіліп отырған. Орыс тілінде бір семьядан, яки атадан тарағандар -ов, -ев, -ин

⁹ Қазақ ССР — да азаматтық өмір өзгерістерді тіркеу тәртібі туралы Нұсқау. Алматы, 1959. 5-б.

¹⁰ Тропин Г. В. О некоторых особенностях личных имен в русском языке // Ученые записки Иркутского государственного пед. института. Вып. 5. 1940.

¹¹ Суперанская А. В. Структура имени собственного (фонология и морфология). М., 1969. С. 76; Л. М. Щетинин. Имена и названия. М., 1968. С. 105—135.

¹² Суперанская А. В. Структура имени собственного (фонология и морфология). М., 1969. С. 76; Щетинин Л. М. Имена и названия. М., 1968. С. 77.

суффиксімен, ал бір жерден шыққандарды *-ский* суффиксі арқылы белгіленіп отырған. Д. Н. Ушаков редакциясымен жарық көрген «Түсіндірме сөздікте» — «фамилия — наследственное семейное наименование» деп анықтама берген. Фамилиялар қосымшалары жер жүзі халықтарында әртүрлі болған. Орыс тіліндегі фамилиялық атаулар В. А. Никоновтың статистикалық материалында көрсеткеніндей, тәуелдік жалғауының жұрнақтары *-ов, -ин* арқылы жасалған¹³. Немістерде *-er, -es* және *-лак* жұрнақтары арқылы, ирландықтарда *-о* жұрнағы арқылы қалыптасқан. Кортус, Шулер, Мак—Миллан, О’Доннель т. б. Белорус фамилияларының жұрнақтары: *-оу, (-ау, -еу), -ін, -ын, -ович, -евич*¹⁴; украин фамилиялары патронимдік жұрнақтар: *-енк, -о, -ук, -чук* арқылы жасалады¹⁵. Поляктарда ертеде фамилияларға *z* жұрнағы қосылған да, уақыт озған сайын ол *z* алмасып, *ski* жалғауына орнын берген. Бұл поляк тіліндегі *скийдің* орыс тіліндегі фамилиялық жұрнақ *ский-ге* мағынасы да, формасы да ұқсас.

Түркі тілдеріндегі фамилия жасайтын қосымшалардың жұмсалуды бірдей емес. Өзбек тілінде *-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина* жұрнақтарымен қатар, Ғафур Гулам, Хомза Олимжан, Факир Камал сияқты қосымшасыз түрлері де бар. Азербайжан тілінде *-ов, -ев, -ова, -ева* жұрнақтарымен қатар *оғлы* сөзі қосылып, фамилия жасалады. Осы *оғлы* сөзі арқылы жасалған фамилиялар оларда екі жынысқа (ер, әйел) бірдей тән.

Қазақ, қырғыз тілдерінде фамилиялардың көрсеткіш жұрнағы *-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина* және *ұлы* сөздері.

Қазіргі қазақ фамилиялары екі түрлі тұлғада кездеседі. Оның басым көпшілігі орыс тіліндегі фамилиялық жұрнақтар (*-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина*) арқылы жасалып, қалыптасқан. Ал екінші түрі *ұлы* сөзінің қосылуы арқылы жасалған. Бұл өте өнімсіз тәсіл. Өйткені *ұлы* сөзі арқылы жасалған фамилиялар, біріншіден, өте санаулы, тым сирек кездесетін болса, екіншіден, олар формасы жағынан фамилиядан гөрі әке атына бейім тұрады.

¹³ Никонов В. А. Формы русских фамилий. 1966. С. 320—321.

¹⁴ Бірыла М. В. Беларускія антрапонімичныя назвы у іх адносінах да антрапонімичных назвау іншых славянскіх моу. Мінск, 1963. С. 29.

¹⁵ Редько Ю. К. Способы образования восточнославянских фамилий: Сб. Онамастика Поволжья. Ульяновск, 1969. С. 34.

Сондықтан бұлар «жартылай» фамилия қызметін атқарады.

Қазақ фамилияларының шығып, дамуы және қалыптаса бастауы шын мағынасында Октябрь таңымен байланысты. Бірақ тарих деңгейіне зер салсақ, ерте кездерде де қазақта фамилия нұсқаларының болғанын байқаймыз. Әуел баста бір ғана есіммен аталу болса (Сарыбай, Қамбар, Тарғын), кейіннен рулық есім (Қара қыпшақ Қобыланды), қазіргі кезде фамилиямен аталу шыққан. Бұндай құбылыс басқа халықтар тарихында да болған екен. Мәселен, римдіктердің бір кезде бір ғана есіммен (Ромул), кейіннен екі есіммен (Нума Помпилий), одан соң республиканың бірінші күнінен үш есіммен аталғаны; а) өз аты (Ргаепомен) көбіне есімінің қысқарған бас әріптерімен аталу (Маркус орнына — М); б) рулық есіммен аталу (Номен), бұлайша аталуда әдетте «іус» қосымшасына аяқталатын (Fabius), үшіншісі фамилиямен аталу (Согномен), яғни семья атымен аталу болған (мысалы: Цицерон, Цезарь т. б.).

Ру атымен аталу ертедегі қазақ өмірінде кеңінен орын алғанын көптеген тарихи материалдар анықтайды.

Жауға аттанып, шабуылға шыққанда ру басының атын айтып, ұран шақырып, атой салу дәстүрі немесе өз атын айтқанда өзі шыққан ру атын қоса айту құбылыстары болған. Мысалы: Қара қыпшақ Қобыланды, Қанжығалы Бөгенбай, Қара керей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Уақ Баян, Тарақтылы Байқозы батыр, Бәсентиін Малай Сары, Сырғалы Елшібек батыр, Қанжығалы Томаша батыр, Уақ Дербісалы т. б.

Ерте кездегі ұрандар ру, тайпа аттарымен тікелей байланысты болған еді. Ол ұранды қолданған адамдардың белгілі бір тайпа, руларға тәндігін білдіргенін байқаймыз. Сөйтіп, өткен кезде қазақ тайпаларының ұран қолдануы рулық қоғамнан қалған әдет еді. Бұл жайт Ф. Энгельс айтқан мына пікірмен ұштас, сәйкес келеді. «Әрбір рудың белгілі бір есімдері немесе бірнеше ұқсас есімдері болды, ол есімдермен бүкіл тайпа ішінде сол рудың өзі ғана пайдалана алады, ендеше әрбір мүшесінің есімі де оның қай рудың адамы екенін көрсетеді. Рулық атаулар мен рулық праволар тығыз байланысты еді¹⁶.

Ұран қайдан шыққан, ол нені білдіреді? Бұл сұрақ

¹⁶ Ф. Энгельс. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Алматы, 1948. 106-б.

тарға жауап бере кету үшін қыры мен сыры көп ғылыми мәселелерді жан-жақты зерттеу керек сияқты. Бұл біздің міндетімізге жатпайды да, солай болғанмен де бұған аз да болса тоқтай кетейік. Ұран ру басы, яки сол руданы әйгілі батыр атынан шығуы хақ.

Егер ұрандар мен рулық атаулар сөз, сөйлем ретінде айтылса, тайпа мен руға тән белгінің бірі — таңба болған. Таңбамен белгілеудің, яғни белгілі бір мал-дүниені таңба арқылы ажыратудың, өз кезінде қоғамдық мәні зор болғаны тарихтан белгілі. Түркі халықтарының таңбаларын салыстыра зерттеуші ғалымдар оның көптеген заңдылықтарын ашып отыр. Әлбетте, мұның бәрі ғылыми жолмен әлі де зерттей түсуді қажет ететіні сөзсіз. Өйткені бұған дәлел ретінде, орыс тілінде де рулық атаулардың болғанын, оған арналған еңбектердің де жарық көргенін айтсақ та жеткілікті. В. К. Чичагов рулық атаулар мен фамилиялардың айырмасын айта келіп былайша түсіндіреді: «Рулық атаулар екінші бір ру атауларымен ауысады. Ал фамилия барлық ұрпаққа тән тұрақты атау болады. Рулық атаулардан лақап отчестволар туып, қайтадан рулық атауға ауысып отыратын болса, фамилияда бұл құбылыс болмайды.

Рулық атаулар *-ов* формасымен қатар ілік септіктің *-а* формасына ие болады. Фамилия әрқашан адам атымен үйлесіп тұрады. Ең соңында, рулық атаулардың фамилияға ауысуы лақапқа ауыспаса ғана іске асады. Фамилияға ауысқан рулық атаулар да тиісті формаларды (*-ов, -ин, -ой, -скийч, -ово, -ых*) қабылдайды»¹⁷. Орта ғасырда өмір сүрген ғалымдар туған жерінің я қаласының атымен аталғанын, яғни исминисбидің көпке дейін фамилия ролін атқарғанын көреміз. Бұл жайт Орта Азия халықтарында және қазіргі Қазақстан территориясында болған еді. Мысалы: Махмуд Қашқари, Юсуп Баласағуни, Абунасыр Фараби, Қадырғали Жалаири, Абуабдулло Рудаки, Шахид Балхи, Алишер Навои, Бируни, Тарагани, Низами т. б. Бұл үлгімен аталу Орта Азия халықтары мен қазақ антропонимиясында қазіргі кезде арханизмді факторге айналып отыр.

Орыс фамилияларының үлгісі негізінде пайда болған қазақ фамилияларының алғашқы нұсқалары XVIII ғасырларда қолданыла бастайды. Қазақтар арасында

¹⁷ Чичагов В. К. Из истории русских имен, отчеств и фамилий. М., 1959. С. 110.

фамилияның көбірек тарай бастауы XVIII—XIX ғасырлар болып саналады. Бұл дәуірлерде фамилияларды негізінен үстем тап өкілдері мен қала тұрғындары немденіп отырған. Ондай фамилиялардың үлгілері түрлі іс қағаздар мен тарихи деректемелерде сақталып қалған. Мысалы: Тәңірберген Айбасов, Шанбай Сергізбаев, Тіленші батыр Бұқанбаев, Қаратай Нұралиев, Старшина Тұрлыбай Иманқұлов, Жұмабай Мәмбетов¹⁸.

Тұңғыш ғалымдарымыз бен ақын-жазушы, композиторларымыздың фамилия немденгенін, олардың орыс фамилиясының үлгісімен жасалып отырғанын байқаймыз. Мысалы: Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Дәулеткерей Шығабев, Құрманғазы Сағырбаев, Біржан сал Қожағұлов, Мұхит Мералиев, Балұан Шолақ Нұрмағамбет Баймурзин, Жаяу — Мұса Байжанов, Ақансері Қорамсин, Естай Беркімбаев т. б.

Фамилияның шығуы әрбір халықтың саяси-қоғамдық дамуымен, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайының қалыптасып, азаматтық право алуымен тікелей байланысты. Қазақта фамилияны кеңінен қолдану тек Ұлы Октябрь революциясынан соң толық іске асты. Елімізде Совет өкіметі орнап, саяси билік, ел басқару жұмысшылар мен шаруалар қолына тиген соң Совет Одағының азаматы деген ардақты атқа не болып, азаматтық паспорт алумен байланысты фамилиялар берік қалыптаса бастады. Қазіргі қазақ антропонимикасында фамилиялар: атасының атынан, немесе әкесінің атынан жасалады. Орыс тіліндегі фамилияның жасалу принциптеріне қарасақ: «Фамилия — это наследственное семейное наименование» деп білеміз. Ал әке аты тек патронимик ретінде жұмсалуды керек. Солай болғанмен де қазіргі қазақ антропонимиясында фамилия әке атынан да, ата атынан да жасалып жүр.

Қазақ ССР-ында азаматтық өмір өзгерістерді тіркеу тәртібі туралы Нұсқауда фамилиялар мен әке аттарын тіркеу, жазу ережелері көрсетілген. Фамилия беру, оларды өзгерту жай құбылыс емес, мемлекеттік маңызы бар мәселе. Туғандардың аттары мен фамилияларын жазу туралы нұсқауда: «Баланың фамилиясы ата-аналарының фамилиясы бойынша жазылады. Егер ата-аналары-

¹⁸ Материалы по истории Казахской ССР. Т. IV. М.; Л., 1941. С. 73—87.

нын фамилиялары әртүрлі болса, баланың фамилиясы ата-аналарының келісімі бойынша жазылады. Ата-ана келісімге келмесе, баланың фамилиясын опека және камкорлық ету орындары тағайындайды. Әкесінің атын немесе туыскандарының біреуінің атын балаларға фамилия етіп беруге тыйым салынады»¹⁹ делінген.

Әке атын әрі фамилия, әрі патронимия (отчество) ретінде қолдану аса көп болмағанмен кездесіп отырады. Мұның негізгі себебі әке атын (отчество) иемденуден туған жайт болса керек. Мысалы: Ахметова Мәдина Ахметқызы, Сүлейменов Мұхит Сүлейменұлы, Рамазанов Сержан Рамазанұлы, Мұсабаев Халық Мұсабайұлы, Мәдиева Дария Мәдиқызы.

Қазақ фамилияларының структуралық типтерінде қосарлы (Мыс.: Галкина — Федарук, Мамин — Сибиряк сияқты) фамилиялардан басқа түрлері бар. Бірақ, біздегі фамилиялардың антропонимдік жұрнақтары орыс тіліндегідей көп салалы емес. Сондықтан да олардың антропонимдік жұрнаққа сай жасалу жолын талдай алмаймыз, тек мағыналық тұрғыдан топтастырып, классификация жасауға болады. Сонда, олардың құрамында: көне түркі, араб-иран, моңғол тілдерінің ізі барлығы байқалады. Мәселен, көне түрік элементтеріне тән: Шығаев, Қожықов, Боданов, Тәңірбергенев, Бөкеев, Абланов, Дарханбаев, Дайрабаев, Омашев, Шоңбаев, т. б.

Бір кезде кісі аты болған, кейіннен фамилия болып қалыптасып кеткен, қазір антропоним ретінде кездеспейтін «күлкілі фамилиялар»: Саптаяхов, Тырбиев, Айырбаева, Қелекеев, Байпакбаев, Шұлғаубаев, Жаманов, Үшкөмпіров т. б. Фамилиялардың жасалу жолдарын, лексикалық құрамын талдау әлі де зерттей түсетін соны мәселе. Сондықтан ондайларды фамилияның дамып, қалыптасуымен байланыстыра жан-жақты қарастыру, ғылыми жүйемен зерттеу келешектің міндеті саналады.

Сөйтіп, қазіргі қазақ фамилиясы өзінің даму барысында заңды түрде ата қуалай берілуі керек. Олар баладан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа тарап отырмақ.

¹⁹ Қазақ ССР — ында азаматтық өмір өзгерістерді тіркеу тәртібі туралы Нұсқау. Алматы, 1959. 6-б.

БИБЛИОГРАФИЯ

1. *Аннаклычев Ш.* Туркменлерде ат дакылыш (Туркменские имена). Ашгабад, 1969.
2. *Антропонимика* (Личные имена). М., 1970. 360 с.
3. *Арабские имена* (на арабском языке). Багдад, 1964.
4. *Ачарян Гр.* Словарь армянских личных имён. Т. 1—5. Ереван, 1944—1962 (на армянском языке).
5. *Элиев Гэсэн.* Умуми антропонимика проблемлэри (Проблемы азербайджанской антропонимики). Баку, 1985. 125 б.
6. *Баскаков Н. А.* Русские фамилии тюркского происхождения. М., 1979. 276 с.
7. *Бегматов Э.* Антропонимика узбекского языка: Автореф. дис.... канд. филол. наук. Ташкент, 1965. 26 с.
8. *Бегматов Э.* Номлар ва одамлар (Имена и люди). Ташкент. ФАН, 1966. 51 б.
9. *Бегматов Э.* Киши номлари имлоси (Правописание личных имён). Ташкент. Фан, 1970. 115 б.
10. *Бегматов Э.* Узбек исмлари имлоси (Правописание узбекских имён). Ташкент. Фан, 1972. 383 б.
11. *Бегматов Э., Исматуллаев Н.* Узбек имлоси (Узбекская орфография). Ташкент. Фан, 1979. 32 с.
12. *Бестужев-Лада И. В.* Имя человеческое: прошлое, настоящее, будущее. Советская этнография. 1968. № 2.
13. *Бирилло Н. В.* Белорусская антропонимия: Автореф. докт. дис. Минск, 1969.
14. *Большая Советская Энциклопедия.* 3-е изд. М., 1969—1978. Т. 1—30.
15. *Бураев И. Д., Дугаров Н. Б., Бадмаев А. Д.* Бурят-

ские имена: Справочник личных имён народов РСФСР. М., 1965.

16. *Бурятские* топонимы и антропонимы. Улан—Удэ, 1931.
17. *Бутенко Н. П.* Русские собственные имена в Киргизии и некоторые вопросы взаимодействия языков: Автореф. канд. дис. Минск, 1967.
18. *Бірыла М. В.* Біларуская антрапанімія. Изд. 2-е. Мінск, 1966. 324 с.
19. *Ванагас А.* Наши имена и фамилии. Тарту, 1982.
20. *Веселовский С. Б.* Ономастикон (древнерусские имена, прозвища и фамилии). М., 1974.
21. *Гафуров А.* Лично-собственные имена в таджикском языке: Автореф. канд. дис. Душанбе, 1964.
22. *Гафуров А.* Рассказы об именах. Душанбе, 1968: 137 с.
23. *Гафуров А.* Лев и кинегрис (о восточных именах). М., 1971. 238 с.
24. *Гафуров А.* Имя и история. М., 1987. 220 с.
25. *Глонти А. А.* Қартавельские собственные имена: Словарь антропонимов. Тбилиси, 1967 (на груз. яз.).
26. *Гордлевский В.* К личной ономастике у османцев: Древности восточные. М., 1913. Т. IV. Вып. 1.
27. *Гулам Мэммэдли.* Имзалар (Псевдонимы). Баку, 1977. 118-б.
28. *Джурович Д. П.* К вопросу о происхождении имен славянских народов. Варшава, 1913.
29. *Дзятковская Н. П., Левченко С. Ф., Скрипник Л. Г.* Украинско-русский и русско-украинский словарь собственных имён людей. Киев, 1951. 56 с. Изд.; 2-е Киев, 1961.; Изд. 3-е Киев, 1966.
30. *Дмитриев В. Г.* Скрывшие свое имя. М.: Наука, 1970. 254 с.
31. *Думчиус И.* Античные имена собственные в литовском языке. Вильнюс: АКД, 1958. 14 с.
32. *Еремия А., Косничану М.* Личные имена (Краткий антропонимический справочник). Кишинев, 1964, 56 с.; 1968, 108 с.; 1974. 132 с.
33. *Еремия А. И., Лунгу М. С.* Молдавская ономастика. Кишинев: Штиинца, 1984. 42 с.
34. *Жанузаков Т.* Лично-собственные имена в казахском языке: Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1961.
35. *Жанузақов Т.* Кісі аттарының орфографиясы//Қазақ

- тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963. 527—557-б.
36. *Жанұзақов Т. В. И. Ленинің бүркеншік есімдері //Социалистік Қазақстан. 1969. 16 дек.*
 37. *Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер (Имена собственные в казахском языке). Алматы, 1965. 142 б.*
 38. *Жанұзақов Т. Қандай есімді ұнатасыз (Какое выбрать имя)//Алматы, 1968. 44 б.*
 39. *Жанұзақов Т. Атыңызды қалай жазасыз?//Қазақ әдебиеті. 1971. 11 июль.*
 40. *Жанұзақов Т. Кісі аттарының жазылуы туралы (О правописании казахских личных имён)//Қазақстан мұғалімі. 1957. 27 июнь.*
 41. *Жанұзақов Т. О проблемах антропонимики//Изв. АН КазССР. Серия общественная. 1969. № 3. С. 72—75 (на каз. яз.)*
 42. *Жанұзақов Т. Социально-бытовые мотивы в казахской антропонимике//Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. М., 1970. С. 194—200.*
 43. *Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы (Казахская антропонимика). Алматы, 1971. 215 б.*
 44. *Жанұзақов Т. Обычаи и традиции в казахской антропонимике//Этнография имён. М., 1971. С. 100—103.*
 45. *Жанұзақов Т. Есімдер сыры. Тайны имён. Алматы, 1974. 132 б.*
 46. *Жанұзақов Т. Вопросы русско-казахского антропонимического взаимодействия//Питання сучасної ономастики. Київ, 1976. С. 156—159.*
 47. *Жанұзақов Т. Основные проблемы ономастики казахского языка: Автореф. докт. дис. Алма-Ата, 1976. 129 с.*
 48. *Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. Алма-Ата: Наука, 1982. 176 с.*
 49. *Железняк И. М. Словообразовательная система сербо-хорватской антропонимии раннеисторического периода (XII—XV вв.): Автореф. канд. дис. Киев, 1969.*
 50. *Жуковская Н. Л. Заметки о монгольской антропонимии//Ономастика Востока. М., 1980.*
 51. *Журановский К. С., Рабинович С. М. Полное собрание еврейских имен, употребляемых в настоящее время русскими евреями, с переложением этих имен на русский язык. Сувалки, 1874. 80 с. (Изд. 2-е. Варшава, 1908).*

52. *Заяллеева М. А.* Историко-лингвистическое исследование татарских личных имён русского и западно-европейского происхождения: Автореф. канд. дис. Казань, 1985.
53. *Зинин С. И.* Введение в русскую антропонию. Ташкент, 1972.
54. *Идрисов А.* Кыргыз тилиндегі ысымдар (Лично-собственные имена в киргизском языке). Фрунзе, 1971.
55. *Илчев С.* Речник на личните и фамилините имена у Българите. София, 1969.
56. *Имлои исмҳои тоҷиҳо.* (Правописание таджикских имен)/Сост. Р. Ортиков, Я. Калонтаров. Душанбе, 1976. 304 с.
57. *Исаева З. Г.* Основные пласты осетинской антропониимии//Ономастика Востока. М., 1980.
58. *Казахская Советская Энциклопедия.* Алма-Ата, Т. 1—12.
59. *Как Ваше имя?* Словарик имен. Л., 1939. 16 с.
60. *Калмыцкие имена:* Справочник личных имен народов РСФСР. М., 1979.
61. *Косничану М. А.* Лексико-семантическое и структурно-грамматическое исследование личных имен в молдавском языке: Автореф. канд. дис. Кишинев, 1971.
62. *Кусимова Т.* Древнебашкирские антропонимы: Дис... канд. филол. наук. Уфа, 1975. 56 с.
63. *Кусимова Т.* Башкор исемдэрэ (Башкирские имена). Офа, 1976. 102 б.
64. *Магницкий В. К.* Чувашские языческие имена. Казань, 1905.
65. *Мазитова Ф. Л.* Историко-лингвистический анализ татарских фамилий: Автореф. канд. дис. Казань, 1986.
66. *Махмудов А. Р.* Фонетические основы передачи азербайджанских имен собственных на русском языке и русских имен собственных на азербайджанском языке. Баку, 1973.
67. *Махпиров В. У.* Собственные имена в памятнике XI в. Дивану Лугат—ат—Тюрк Махмуда Кашгарского: Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1980.
68. *Менажиев Я., Азаматов Х., Абдурахманов Д., Бегматов Э.* Исмингизнин маъноси нима? (Что означает Ваше имя?). Тошкент, 1968. 98 б.

69. *Молчанова О. Т.* Мотивированные личные имена у алтайцев//Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. М., 1970.
70. *Морошкин М.* Славянский именослов или Собрание славянских личных имен в алфавитном порядке. СПб., 1867. 214 с.
71. *Мухамедова З. Б.* Личная ономастика у туркмен //Питання ономастики. Киев, 1965. С. 151—157.
72. *Никонов В. А.* Опыт словаря русских фамилий. I. Этимология, 1970. М., 1972; Он же: Опыт словаря русских фамилий. II. Этимология, 1971. М., 1973; Он же: Опыт словаря русских фамилий. III. Этимология, 1973. М., 1975; Он же: Опыт словаря русских фамилий. IV. Этимология, 1974. М., 1976.
74. *Никонов В. А.* Имя и общество. М., 1974. 276 с.
75. *Орфография собственных имен.* М., 1965.
76. *Осман Мирзэив.* Адларымыз (Наши имена). Баку, 1986. 295 с.
77. *Пашаев А. М.* Прозвища в азербайджанском языке: Автореф. канд. дис. Баку, 1987.
78. *Петровский Н. А.* Словарь русских личных имен (около 2600). М., 1966. 384 с.
79. *Погорельский М. В.* Еврейские имена собственные. СПб., 1895. 134 с.
80. *Рашев М.* Ат коюдыц элегі//Терек пен тікенек (фельетон). Өлеңдер жинағы. Алматы, 1958.
81. *Рэми И., Кули И.* Татарча исем-фамилиялар сузлекчэсе: Татар теленен орфография сузлеге. Казань, 1930.
82. *Рыбакин А. И.* Словарь английских личных имен. М., 1973.
83. *Сатыбалов А. А.* К вопросу о личной ономастике у кумыков//Советское языкознание. 1936. № 2. С. 95—107.
84. *Рыбакин А. И.* Словарь английских фамилий. Около 22700 фамилий. М., 1986. 575 с.
85. *Садыхов З. А.* Личные имена в азербайджанском языке: Автореф. канд. дис. Баку, 1975.
86. *Самойлович А. И.* К вопросу о наречении имен у турецких племен. «Живая старина». СПб., 1911. № 2. С. 297.
87. *Саттаров Г. Ф.* Татарстан АССР-нын антропонимнары (антропонимия Татарской АССР). Казань, 1973.

88. *Саттаров Г. Ф.* Антропонимика Татарской АССР: Автореф. докт. дис. Казань, 1975. 90 с.
89. *Саттаров Г. Ф.* Татар исемнәре сүзлегә (Словарь татарских личных имен). Казань, 1981. 254 с.
90. *Сә'дийев Ш.* Адлар нечә аранмышдыры (Какие имена нравятся). Баку, 1969.
91. *Селищев А. М.* Происхождение русских фамилий, личных имен и прозвищ. Учен. зап. МГУ. Вып. 128. 1948.
92. *Системы* личных имен у народов мира. М., 1986. 380 с.
93. *Словарь* иранских имен (на иранском яз.). Тегеран, 1978.
94. *Словарь* киргизских личных имен/Сост. Ш. Жапаров. Под общей редакцией И. С. Колосова. Фрунзе, 1979. 462 с.
95. *Соколов А.* Русские имена и прозвища в XVII в. Казань, 1891.
96. *Солярский П.* Опыт словаря библейских собственных имен. Т. I—V. СПб., 1879. 1884.
97. *Справочник* личных имен народов РСФСР/Под ред. Н. А. Баскакова и др. М., 1965. 254 с.
98. *Справочник* татарских личных имен. Казань, 1973.
99. *Справочник* личных имен народов РСФСР. Изд. 2-е, испр./Под ред. А. В. Суперанской. М., 1979. 571 с.
100. *Справочник* личных имен народов РСФСР. Изд. 3-е, испр./Под ред. А. В. Суперанской. М., 1987. 620 с.
101. *Сталтмане В. Э.* Латышская антропонимия. Фамилии. М.: Наука, 1981. 226 с.
102. *Судник М. Р.* Словарь личных собственных имен. Минск, 1965. 112 с.
103. *Султаньев О. А.* Понятные и непонятности. Алмата, 1973. 61 с.
104. *Суперанская А. В.* Теоретические основы практической транскрипции. М.: Наука, 1978. 282 с.
105. *Суперанская А. В.* Как Вас зовут? Где Вы живете? М., 1964. 62 с. Суперанская А. В. Русские имена //Справочник личных имен народов СССР. М., 1979. Суперанская А. В. Лингвистические основы практической транскрипции имен собственных: Автореф. канд. дис. М., 1958.
106. *Суперанская А. В., Сулова А. В.* Современные русские фамилии. М., 1981.

107. *Суслова А. В.*, Суперанская А. В. О русских именах. Л., 1978.
108. *Тепляшина Т. А.* Антропонимические модели пермских языков. М., 1978. 136 с.
109. *Трубачёв О. Н.* Из материалов для этимологического словаря фамилий России: (Русские фамилии и фамилии, бытующие в России). Этимология, 1966. М., 1968.
110. *Тупиков Н. М.* Словарь древнерусских личных собственных имен. СПб., 1903. 858 с.
111. *Успенский Л. В.* Слово о словах. Л., 1956. 306 с.
112. *Успенский Л. В.* Ты и твое имя. Л., 1960. 293 с.
113. *Устинович А. К.* Антропонимия Гродненщины и Брестчины XIV—XVIII вв: Автореф. канд. дис. Минск, 1970.
114. *Федосюк Ю. А.* Русские фамилии. Популярный этимологический словарь. М., 1972. (Изд. 2-е. М., 1982).
115. *Фолькман Е. А.* Словарь японских имен и фамилий. М., 1953.
116. *Чжунго женьмин да цыдянь* (Большой словарь китайских личных имен). Шанхай, 1940 (на кит. яз.).
117. *Чичагов В. К.* Из истории русских имен, отчеств и фамилий. М., 1959. 158 с.
118. *Что означает наше имя: Словарик имен.* Л., 1940. 48 с.
119. *Чучка П. П.* Антропонимия Закарпатья: Автореф. докт. дис. Киев, 1970.
120. *Шайхулов А. Г.* Татарские и башкирские личные имена тюркского происхождения: Автореф. канд. дис. М., 1976.
121. *Шайхулов А. Г.* Татарские и башкирские имена тюркского происхождения. Уфа, 1983. 69 с.
122. *Шерба Л. В.* Транскрипция иностранных слов и собственных имен и фамилий//Труды комиссии по русскому языку АН СССР. Т. I. Л., 1931.
123. *Щетинин Л. М.* Очерки по донской антропонимике. Русские имена. Ростов-на-Дону, 1972. 228 с.
124. *Юлдашев А. А.* Татарские имена//Справочник личных имен народов РСФСР. М., 1965.
125. *Андрейчин Л.* Езикова тревоги (В свете на собствените имена). София, 1973.

М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз	5
Кісі аттарының жазылуымен байланысты кейбір ескертпелер	14
Кісі аттары мен фамилиялардағы қосымшалардың жазылуы	17
Қазақ есімдерін орысша транскрипциялау принциптері	19
Жинақтық құрылысы	23
Әдебиеттердің қысқаша тізімі	24
Тууды тіркеу тәртібі	26
Ұл (ерлер) есімдері	33
Қыз (әйел) есімдері	437
Қосымшалар	456
Библиография	473

СО Д Е Р Ж А Н И Е

Предисловие	10
Краткий список литературы	24
О порядке регистраций рождения ребенка	29
Мужские имена	33
Женские имена	437
Библиография	473

**Джанузаков Тельхожа Джанузакович,
Есбаева Қлара Сыбанкуловна**

КАЗАХСКИЕ ИМЕНА

(словарь-справочник на казахском и русском языках)

Утверждено к печати Ученым советом

Института языкознания Академии наук Казахской ССР

Редакция менгерушісі *Т. Беркімбаев*. Редакторы *К. Ш. Шалқаров*. Көркемдеуші редакторы *Н. Ф. Чурсин*. Суретшісі *Т. А. Тимофеева*. Техникаль редакторы *В. К. Горячкина*. Корректорлары *Р. Аманбекова, К. Қасымжанов*

ИБ № 2442

Теруге 12.01.88 тапсырылды. Басылуға 01.09.88 қол қойылды. Форматы 81×108¹/₃₂. **Офсеттік қағаз**. Гарнитурасы әдебиеттік. Басылымы күрделі. Шарт. б. т. 25,20. Шарт. б. бояу көлемі 25,20. Есепке алынатын баспа табақ 24,28. Тираж 70,000. Заказ 3049/205. Бағасы 2 с. 70 т.

Издательство «Наука» Казахской ССР.

480100, Алма-Ата, ул. Пушкина, 111/113.

Типография издательства «Наука» Казахской ССР,

480021, Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93-үй.

